

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТ

ҚАМИЕВА Г.Б., МАЛЫБАЕВА Ж.О.

**ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖАПОНИЯ ТАРИХЫ
(Оқу құралы)**

Ақтау – 2009

ОӘК 94 (32): 930. 85. (072)
ББК 63.3. (5 Жап).
Қ 16.

Қ 16. Орта ғасырлардағы Жапония тарихы (оқу құралы). **Құрастырғандар:**
Қамиева Г.Б., Малыбаева Ж.О. Ақтау, 2009 ж. 51 бет.

ISBN 978-601-226-022-9

Оқу құралында Жапонияның орта ғасырлардағы даму тарихы үш кезеңге – ерте орта ғасырлар (ҮІІ – ХІІ ғ.ғ.), орта (ХІІ – ХҮІ ғ.ғ.) және соңғы орта ғасырлар (ХҮ – ХҮІІ ғ.ғ.) кезеңдеріне бөлініп, барлық қырынан ғылыми негізде қарастырылған. Оқу құралы төрт тараудан тұрады: саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтайтын мәселелер алғашқы үш тарауда, мәдениеті туралы төртінші тарауда талданылған. Орта ғасырлық Жапония тарихын зерделеу барысында кездесетін терминдердің сөздігі, маңызды оқиғалардың тізбегі және студенттердің өзін-өзі бақылауы үшін тесттік тапсырмалар келтірілген.

Оқу құралы ЖОО-ң «Тарих» факультетінде оқытылатын «Орта ғасырлардағы Азия және Африка тарихы» курсының типтік бағдарламасы мен мемлекеттік стандартқа сәйкес келеді.

Оқу құралы қазақ тілінде жазылған және ЖОО-ң студенттері үшін «Орта ғасырлардағы Азия және Африка тарихы», «Мәдениеттану» пәндерін оқу барысында кеңінен қолдануға болады.

ББК 63.3.

Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің Оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылған.

Пікір жазғандар: тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Еділханова С.А.,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. Табылдиева О.Д.

ISBN 978-601-226-022-9

© Ш.Есенов атындағы АқТМУ

Кіріспе

Оқу құралы жоғары оқу орындарында «Орта ғасырлардағы Азия және Африка тарихы» курсының аясында оқытылатын елдердің бірі Жапонияның орта ғасырлық кезеңдегі тарихына арналған.

Жаңа заманда батыс еуропалық тарихнамада пайда болған «орта ғасырлар» деген түсінік дүниежүзілік бағдар алу үрдісінде Шығыс елдерінің тарихын зерделеуде де қолданылады. Шығыстағы жаңа эраның алғашқы ғасырлары ежелгі әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымдардың қирауы, өз дамуында ортағысырлық қоғамдардың қалыптасуына алып келген өтпелі кезеңдердің пайда болуымен ерекшеленеді. Орта ғасырлық құрылымдарға тән дамудың күрделі және сан-салалы үрдісі Шығыс елдерін де қамтыды. Аталған аймақтардың аталған кезеңдегі тарихы өте күрделі, әрі өте үлкен тарихи кезеңді қамтиды. Сондай-ақ, бұл аймақтардың даму дәрежесі де әртүрлі болды. Мысалы, белгілі аймақтар орта ғасырларды біздің дәуірдің басынан бастаса, кейбіреулері үшін V – VII ғ.ғ. сәйкес келеді. Сондықтан шығыстық орта ғасырлар кезеңінің бастамасы саналатын VI – VII ғ.ғ. шартты түрде алынуы мүмкін, себебі бұл кезде ортағысырлық қоғамдардың пайда болуы тек Таяу және Орта Шығыстың жекелеген елдерінде, Үндістан мен Қытайда ғана орын алды.

Орта ғасыр тарихының өзі негізінен феодалдық қоғамдық-саяси формациямен тұспа-тұс келеді. Азия мен Африка елдерінің орта ғасырлық тарихын еуропалық белгілер бойынша толық түсіндіруге болмайды. Егер Еуропа үшін: 1) V ғ. ортасы – XI ғ. ортасы – ерте орта ғасырлар; 2) XI ғ. ортасы – XV ғ. соңы – дамыған феодалдық дәуір; 3) XVI ғ. – XVII ғ. алғашқы жартысы – соңғы орта ғасырлар деп алынса, ал Азия-Африка елдері үшін бұлай жіктеу жарамайды. Сонда да болса, әртүрлі елдер үшін б.д. II ғасырынан – XVIII ғасырға, тіпті XIX ғ. алғашқы жартысына дейін созылған орта ғасырлардағы Шығыс елдерінің тарихын оқытудың маңызы зор.

Орта ғасырлардағы Шығыс елдеріндегі феодалдық қатынастардың қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшеліктері болды. Бұл қатынастар бір елдерде құлиеленушілік құрылымның ыдырауы негізінде жүзеге асса, екіншілерінде – құлиеленушілік құрылымның көрініс беруі кезінде ғана, үшіншілерінде алғашқы қауымдық қоғамның ыдырауы мен алғашқы қауымдық қоғам қалдықтарының күшті сақталып қалуы жағдайында пайда болды. Мәселен, Қытай мен Иранда құлиеленушілік қоғамның экономикалық және саяси жүйесі терең дағдарыстарға килікті. Бірақ, бұл жерде Қытайдағы Хань империясы мен Сасанидтік Иранда екі қоғамның тоғысында алғашқы қауымдық қоғамның ыдырауын басынан кешіріп жатырған көшпелі және отырықшы тайпалардың да болғандығын жоққа шығаруға болмайды.

Үндістанда феодализмге өту үрдісі өзгеше жағдайларда жүрді. Елде негізінен патриархалдық құлдық үстем болды. Сондықтан да болуы мүмкін, елдегі феодалдық қатынастардың дамуы айтарлықтай баяу дамыды.

Ал, Жапонияға келетін болсақ, мұндағы феодалдық қатынастардың дамуын негізінен құлиеленушілік әлеуметтік-экономикалық құрылымды айналып өтті деуге болады.

Сол кезге сәйкес жоғары мәдениеті бар елдер өздерінің көршілеріне айтарлықтай ықпалын тигізді. Саяси тұрғыда оқшаулануына қарамастан Жапония өзінің тәуелсіздігінен айырылып қалатына қауіптенбестен-ақ Қытай өркениетінің жетістіктерін пайдалана алатын болды. Қытай қоғамының феодалдануының ықпалымен Жапония жаңа нысандарға өте бастады.

Шығыстағы феодалдық қатынастардың дамуының өзіне тән белгілерінің бірі үстем таптың жерге меншігінің жеке тұрғыда емес, мемлекеттік меншік нысанында көрініс беруі еді. Қытай, Корея, Сасанидтік Ирандағы тәрізді Жапонияда да жердің негізгі бөлігі мен суландыру құрылыстары мемлекеттік меншікке өтіп, V – VIII ғ.ғ. аралығында тиісті заң актілерімен бекітілді. Әрине, жерге жекелеген феодалдардың, монастырлардың меншігі де қатар дамып отырды.

Жапонияда ертефеодалдық қатынастардың кезінде Шығыстың өзге елдері тәрізді, құлиеленушілік қатынастар ерекше сақталып қалған, оны көп мөлшерде құлдардың еңбегін пайдалану дәлелдейді.

Шығыс елдерінің дамыған феодализмге өту үрдісі де біркелкі болған жоқ. Таяу Шығыс пен Қытайда феодалдық қатынастардың қарқын алып дами бастаған кезі деп VIII ғ. екінші жартысы немесе ғасырдың аяғы есептелсе, Жапония үшін IX – X ғ.ғ. есептелінеді.

Ауыл шаруашылығында егістік алқаптарды өңдеудің жаңа тәсілдері игеріле бастады. Өндіргіш күштердің одан әрі дамуының нәтижесінде қоғамдық еңбек бөлінісі пайда болды, қолөнер өндірісі жоғары жетістіктерге жете бастады. Киото, Осака және өзге қалалар маңызды қолөнер, сауда және мәдени орталықтарға айналды. Оларда мектептер мен кітапханалар ашыла бастады.

Феодалдық жер иеленудің нысаны да өзгерді. Таяу және Орта Шығыстағы тәрізді Жапонияда да әскери-лендік жүйе таралып, нығайды. Онда феодалдар әскери қызмет атқарғаны үшін жер үлестерін алды. Жапонияда феодалдық поместьелер де пайда бола бастады. Осымен бір мезгілде ұсақ және орта феодалдардың әлсіреу үрдісі жүре бастады, олар ірі феодалдардың сюзерендігінің қоластына өтті.

Феодалдық жерге жеке меншіктің нысанының өзгеруі және тауарлы қатынастардың дамуымен бірге тікелей өндірушіні қанау да күшейді.

Шығыстың біраз елдеріндегі феодалдық қатынастардың ыдырау үрдісінің басталуы XVI ғ., кейбірінде XV ғ. жатқызылады.

Бұл кезде Шығыстың Қытай, Египет, Жапония тәрізді жетекші елдерінде капиталистік қатынастардың белгілері біліне бастады.

Жұмысшы күшінің қалыптасуы басталды, жеке мануфактуралар дамыды. Еңбектің аумақтық бөлінісі мен бірыңғай нарықтың қалыптасуы жүре бастады. Қытай мен Жапония үшін ерекше рольді отарлау саясаты, теңіз саудасы мен қарақшылық иемденді.

Үндістан, Қытай, Шығыстың бірқатар елдеріндегідей Жапонияда да соңғы орта ғасырлар кезінде шарулардың жаппай кедейленуі көтерілістердің үлкен

толқынын туғызды. Басты себеп феодалдық қанау ауыртпалығының шектен тыс өсуі болды.

Батыс Еуропа отаршылдарының ену қаупі Қытай, Корея мен Жапонияны өз аумақтарын шетелдіктер үшін жауып тастауға итермеледі. Сыртқы әлемнен оқшаулану саясатын ұстануы бұл елдердегі феодалдық қатынастардың ұзақ сақталып қалуына алып келді.

Оқу құралында орта ғасырлардағы Жапония тарихының осындай өзіндік ерекшеліктерін жеткілікті деңгейде зерделеуге талпыныс жасалынды. Ресей баспаларынан жарық көрген еңбектерді тікелей басшылыққа ала отырып, Жапонияның ҮІІ – ХҮІІ ғ.ғ. аралығындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихы мен мәдениетінің дамуы туралы студенттерге ана тілінде түсінік беру мақсаты қойылды.

Бүкіл Шығыс елдері тәрізді орта ғасырлардағы Жапония тарихы да өте күрделі мәселелердің бірінен саналады. Мәселені зерделеу барысында көптеген терминдер, анықтамалық сөздер жиі кездеседі. Орта ғасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихы бойынша арнаулы терминдер сөздігі де күні бүгінге дейін жарық көрген емес. Сондықтан оқу құралының соңында Жапонияның орта ғасырлық тарихы бойынша кездесетін терминдерден арнайы сөздік, маңызды оқиғалардың тізбесі құрастырылды. Студенттердің өзін-өзі бақылауы үшін тесттік тапсырмалар да келтіріліп отыр.

I тарау. Ерте орта ғасырлардағы Жапония (ҮІІ – ХІІ ғ.ғ.)

1.1. Жапониядағы алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы. Тайка реформалары (645 – 646 ж.ж.).

Жапон аралдарының неғұрлым ерте тұрғындары болып қазіргі *айнылардың* арғы тегі – *эбисулар* есептеледі. Ерте замандарда олар бүкіл жапон аралдарына таралған, алайда ІІ – ІІІ ғ.ғ. олар негізінен Хонсю аралының шығысы мен солтүстік-шығысының тұрғындары болды. Бұл тайпалардың этникалық шығу тегі әлі күнге белгісіз.

Оңтүстік нәсілдің айноидтық немесе үндіқытайлық тармағы Жапон аралдарын палеолит және мезолит дәуірлерінен бастап-ақ қоныстана бастаған. Бірақ шамамен ХVІІІ ғ. бастап Шығыс азиялық нәсілдің ене бастағаны туралы айтуға болады. Аралдағы жапондықтардың этнонәсілдік негізі жалпы неолитте қалыптасты. Неолиттің аяғында құрылықтың монголоидтарының шығыс тармағына жататын мигранттары архипелагты қоныстана бастайды: неғұрлым тығыз қоныстанғаны оңтүстік және Оңтүстік-Батыс Жапония, ал неғұрлым сирек қоныстанғаны оның орталық бөлігі болды. Бұл қола дәуірі кезінде (немесе *яёи* мәдениеті (б.э.д. ІV ғ. – б.э. ІV)) оқшаулықты сақтай отыра, екі этникалық орталықтың (оңтүстікте *хаято* және *нумасо*, солтүстікте *айны*) пайда болуына әкелді.

Елдің бұдан былайғы этникалық тарихы ерте темір ғасырының Қорғандық мәдениетінің ізін салушылар және Ямато (б.э.д. ІV – VІІ ғ.ғ.) режимімен байланысты. Шамамен V ғ. аралда көшпенді скиф-сарматтар пайда болады. Бұл туралы тұжырымдалатын тікелей жазбаша деректер жоқ. Бірақ, ІV – VІІ ғ.ғ. қытайлықтар мен корейлықтардың бірнеше рет қоныс аударғанын хабарлайды. Алғашқы жапон халқының қалыптасу үрдісі VІІ ғ. күрт бетбұрысқа түсті және Хонсю аралдарының солтүстік-шығысын есептемегенде, архипелагтың салыстырмалы түрде бірыңғай халықтарының қалыптасқанын байқатты. Қытай-корей иммиграциясы жапон халқын құрлықтық Қиыр Шығыстың және Корей түбегінің халқымен мемлекеттілігінің қалыптасу сатысында қандастық байланысқа түсірді.

Б.э.д. соңғы ғасырлар мен б.э. алғашқы ғасырларында егін шаруашылығында (күріш себудің таралуы), қолөнерде (қоланың енгізілуі), қоғамның өзінде (тайпа одақтарының пайда болуы) айтарлықтай өзгерістер болды. Суландырмалы күріш себу Солтүстік Кюсюда пайда болды және екі ғасырда Канто аңғарларына дейін таралды (б.э.д. ІІІ – ІІ ғ.ғ.). Тасыған судың астында қалатын жерлер күріш өсіруге бейімделді, құрғақ учаскелер арпа, тұт ағашына, конопляға арналды. Егін шаруашылығының құралдары ағаштан, тастан, дәуірдің аяғында темірден жасалды. Тұрғындар мыс рудаларын өндіруді, қоланы балқытуды үйренді. Адамдар ірі егіншілік мекендерде тұрды (жер үйлердің саны 100-ге дейін жетті), шаруашылықтың бұрынғы танымал нысандарынан да қол үзіп кетпеді, тоқымашылық пен металл өндіруді дамытты. Қатардағы ауыл тұрғындарынан арасынан ұйымдастырушылық қызметтерді атқаратын шонжарлар дараланды. Қытай деректемелері бойынша,

б.э.д. I ғ. Кюсю аралында жүздеген «иеліктер» болған, ал II ғ.а. – III ғ. ортасында олардың саны азайып, федерацияның басты иелігі – «патшайым иелігі» (*Яматай* немесе *Ематай*) пайда болды. Ол Корей түбегіндегі қытай билеушілерімен жүйелі байланысты ұстап тұрды.

V – VII ғ.ғ. жапондықтар суландырмалы күріш себуді, темірден жасалған егіншілік құралдарын, мүйізді ірі қара, жылқы өсіруді біртіндеп игере бастады. Алғашқы кезде жер тұтастай қауымға немесе кланға (*удзи*) тиесілі болды, ал, жыртылатын алқап селолық аулалардың (сарайлардың) бақылауында қала берді. Орман, көгалдар, жарамсыз жерлер қоғамдық пайдалануда ұзақ уақыт қала берді. Біртіндеп жыртылатын жақсы алқаптар күшті кландардың немесе жекелеген клан басшыларының бақылауына өте бастады. Бұл жерлерді, негізінен жеке меншіктегі қауымдар немесе еріксіздер корпорациялары (*бэ*) өңдей бастады. Алғашқы корпорациялар жергілікті егіншілер, балықшылар, аңшылардан құралды. Олар өз кландарымен байланысты жғалтқандар еді. Кейін теңіздің ар жағынан келген қонысаударушылар – колөнершілер, сауатты адамдар, т.б. құрылды. Жер және адамдар қатардағы және патша руларының арасындағы бәсекелестік күрестің нысанына айналды. Осының барлығы Тайка реформалары деп аталатын реформаларға алып келді.

Ерте темір ғасырындағы қоғамның патриархалдық-рулық құрылымы үлкен және кіші кландардың өмір сүруіне жағдай жасады. Кландар өзінің шығу тегін бір атаға әкеліп тіреді, ортақ рух қамқоршылығы мойындалды, оның мүшелерін қандыстық туыстықтың бірлесуі арқылы байланысты. Кландардың иерархиясы олардың атқаратын қызметіне қарай негізделді және кландық атақтарда (*кабанэ*) көрініс берді. Бұл иерархияда өзінің мәні бойынша бірінші патшалық клан (*тэнно*) тұрды, оның құрамында: басшылары, абыздар, төменгі ұйымдастырушылық қызметі бар топтардың өкілдері және қатардағы еріктілер болды. Соңғылары кланның есімін алып жүрді, жалпыкландық (қауымдық) жерлерді пайдаланды, өз сарайы жанұяның мүліктеріне (алқаптар, еңбек құралдары, мал, өндірілетін өнім) иелік етті. Кланға жартылай еріктілер (*бэминдер*) және құлдардың (*яцукко*) тобы тиесілі болды. Құлдар қоғамда өте азғантай жікті құрады. Бұлар жатжерлік – әскери тұтқындар, қоныс аударушылардың төменгі бөліктері болды, құлдар үй шаруашылығында пайдаланылды. Дәуірдің аяғында кландардың арасындағы жіктеліс клан ішілікпен толықты.

Патшалық кландардың басшылығы неғұрлым қуатты кландар неғұрлым әлсіз кландарды өздеріне бағындырды. Кланның ішінде клан басшыларының көсемдері дараланды – олардың қолында кланның байлығы мен күш-қүдіреті шоғырланды.

Билік үшін кескілескен күрес жекелеген тайпалар мен рулардың арасында жүріп отырды. Жеңімпаз рулар пайда болды. Ең күшті рудың, одан кейін тайпаның басшысы *сумэраги* (патша, император) атағын алды және бір мезгілде көсем, жоғары әскери қолбасшы, басты судья, тайпаның діни жоралғысының абызы болып, қолына ұлан-ғайыр билікті шоғырландырды.

Ру-тайпалық ақсүйектер халықтың қаналушы бұқарасының – құлдардың, *бэминдердің* (қауымның жартылай ерікті мүшелері), тайпаның қатардағы

мүшелерінің қарсылығын басуға қажет орталықтанған күшті үкіметке мүдделі болды. Басқарушылық ролге ұмтылушы рулардың арасында күрес күшейді. VI ғ. аяғында буддизм дінінің жақтаушысы болуымен танылған Сога руы өзге ірі рулардан жеңіске жетті. 536 жылдан – 645 жылға дейін Сога руы билік басында болды. *Ямато* (Жапонияның ескі атауы) патшаларының ордасы VI ғ. ортасында *Асукада* (Ямато провинциясы) болды, сондықтан VI ғасырдың екінші жартысынан – VII ғасыр аралығы «*Асука кезеңі*» деп аталады.

Негізінен буддизмді уағыздаған және рудың қатардағы мүшелерімен теңескісі келген бэминдер Соганы қолдады, себебі, бұл рудың ақсақалдары бэминдерді ерікті қауымшылармен теңестіруге уәде берген болатын. VI ғ. басында Сога руының бекзадасы *Сётоку-тайси* (572 – 621 ж.ж.) иерархияның «12 рангтік табелі» және «17 баптан тұратын заң» шығарды, ол мемлекеттің және монархтың шексіз билігі туралы буддистік және конфуциандық догмаларға негізделді.

Қытайдың IV ғ. басына дейін Корей түбегінде болуы, жергілікті мемлекеттердің қалыптасуы және олардың Яматоға көзқарасы аралда әртүрлі бағаланды. Өзара бақталасқан Корея мемлекеттері Яматодан көмек сұрап, көршілеріне қарсы соғысу үшін Яматомен келісім-шарт жасасып отырды. Жапонияның өзі де бұл мемлекеттермен бірнеше рет соғысты. 366 – 562 ж.ж. Жапония Кая иелігінде (Корея түбегінің қиыр оңтүстігінде) ықпал ету үшін белсенді күрес жүргізді.

Яматоның Қытаймен байланыста болуы 265 – 275 ж.ж. жатады. Бұдан кейін 413 жылға дейін мәлімет жоқ. Қарым-қатынастар 502 жылға дейін қайта жалғасады, одан кейін 600 жылға дейін тағы да үзіліп қалады. 600 жылы жаңа Суй әулеті кезінде қайта жанданады, 630 жылы Тан әулеті жалғастырады. 618 жылы Қытайды Тан әулетінің біріктіруі Жапониядағы Тайка реформасына үлгі болды.

Тайка реформалары. VII ғ. ортасында Сога руы өзінің үстемдік жағдайын жоғалта бастады. 645 жылғы бүліктің нәтижесінде рудың көпшілігі жойылады. Бүлік тарихта «*Тайка төңкерісі*» деп аталды. Ол «*Ұлы өзгерістер*» деген мағынаны білдіреді. Бекзада Наканооэ және Накатоми Камако (к. Фудзивари Каматари) бастаған ақсүйектер тобы император сарайында ықпалды Сога руын жояды. Осы төңкеріс және осыдан кейінгі реформалар («Тайка реформалары») қоғамның дағдарысты жағдайынан туындады. Рулық құрылыстың көптеген белгілері, сондай-ақ бұрынғы басқару құрылымының көмегімен халықты қанауды жүзеге асыру мүмкін болмады.

Реформаларды сыртқы факторлар да туындатты: қытайлық Тан империясының күшеюі және оның Корея түбегін жаулап алуға талпынысы Жапонияның өзіне қауіп төндіру ретінде бағаланды.

645 жылы-ақ үкімет аппаратын қайта құру басталды: солшыл және оңшыл министрлердің қызметі, император кеңесшісі *утицуоми* (оны Накатоми Камако иеленді), саяси кеңесшілер *кунихакасэ* (оны Қытайдан оралған монахтар Накамуко-но Гэнри, Миндер иеленді) қызметтері құрылды, сондай-ақ, жергілікті деңгейдегі өзгерістер басталды: шығыс провинцияларда жердің өлшемін алу енгізілді, сарайлық тізімдер құрылды, халыққа жүйелі салық

салынды, провинция губернаторлары мен уезд басшылары тағайындалды. Сот рақымшылығын берудің жаңа жүйесі енгізілді, ерікті және еріксіздердің мәртебесі туралы заң жарияланды, басқару жылдарының ұраны енгізілді. Астана ретінде Ішкі теңіздің жағалауындағы *Нанива* елді-мекені (қазіргі Осака) таңдап алынды.

Реформалардың мәні 646 жылы үкіметтің жарлығынан көрінгеніндей, төмендегідей көрініс берді:

1. Жеке меншік жер иеліктерін өзгерту және император отбасы мен ақсүйектерге тәуелді адамдардың санатын жою (2-сі толық жүргізілген жоқ), жер мен адамдарды мемлекеттік деп жариялау. Ақсүйектер өзінің қанаушы тап жағдайын сақтап қалды.
2. Басқарудың орталық органдары құрылды, аумақтық-әкімшілік бөлініс енгізілді.
3. Жер реестрін құрастыру, сарайлық санақ жүргізу қолға алынды, әркім жер үлесін алды.
4. Жаңадан жинақталған салық жүйесі енгізілді.

Бұл реформалар орталықтанған мемлекет құруға арналды.

Реформалар жалғасын тапты. 643 жылы 13 рангтен тұрадтын жаңа жүйе, 649 жылы 19 рангтен, 664 жылы 20 рангтен тұратын жаңа жүйе енгізілді. 664 жылы күдіретті рулардың үстінен үкіметтік бақылауды жақсарту үшін кландық ағамандар тағайындалды, сондай-ақ, үй құлдарын кланның тарапынан тәуелді (*якабэ, какибэ*) иемдену мойындалды.

Белсенді сыртқы саясат қарастырып отырған кезеңнің басына ғана тән болды. 663 жылы Кореяның ісіне араласу Қытай империясының және Корейлік Силла мемлекетінің әскерінен жеңіліспен аяқталды. Сонымен қатар қытайлықтардың аралға басып кіру қаупі төне бастады, жапондықтар бұған қарсы жағалаулық бекіністер тұрғыза бастады, «*жағалау сақшысы*» деп аталатын ерекше жауынгерлік құрамалар құрылды. 667 жылы астана Нанива портынан елдің түкпіріне, *Оми* ауданына көшірілді. Бірақ, Қытаймен байланыс шабуылдың алдын-алу үшін де, мәдени жетістіктерге жету үшін де қажет болды. 653, 654, 659, 665 жылдары Қытайға елшіліктер жіберілді.

Император Тэндзидің (бұрынғы бекзада Наканооэ) кезінде 668 жылы алғашқы заңдар кодексі «*Омирёнің*» пайда болуымен және 670 жылы тұңғыш рет ел көлемінде халық санағының жүргізілуімен орталықтанған мемлекеттің негізі қаланды. Алайда, император қайтыс болғаннан кейін 671 – 672 ж.ж. бекзадалар *Отото* және *Оама* арасында бүкіл елді қамтыған қарулы күрес басталды. Жеңіске жеткен *Оама Тэмму* деген атпен император атанды. Бұл соғыс жергілікті шонжарлар және халықтың жартысының орталықтанған мемлекеттің қытай үлгісімен тез қарқынмен құрылуына қарсы наразылықтан туындаған болатын. Ахуалды ескерген Тэмму реформаларды жалғастыра отырып, мемлекеттік басқару механизміне өзгерістер енгізді: 675 ж. тәуелділерді (какибэ) азат ету және кландардан жеке меншік жерлер алу туралы жарлықты халықтандырды, 676 ж. губернаторларды тағайындау жүйесін реттеді, 678 ж. чиновниктерді олардың іс-әрекетінің нәтижесін ығыстыру жүйесін ру шонжарларын мемлекеттік шонжарлар санатында ұйымдастыра

отыра бекітті. Осымен бірге саяси және діни салада қытайлық элементке қарсы жапондық элементті күшейтті – сарайдағы синтоистік мерекерлерге үлкен мән берілді. (673 – 677 ж.ж.).

80-ші жылдарға таман орталықтанған мемлекет құруды аяқтауға мүмкіндік берген база құрылды. 681 жылы император Тэммудің бұйрығы бойынша жаңа әкімшілік-қылмыстық кодексті құра бастады. 684 жылы 8 сатыдан тұратын рулық атақтардың жаңа жүйесі белгілі болды. Ол бұрынғы әртүрлі атақтардың басында императормен бірге жинақталған жүйеге келтірілді. Келесі жылы сарайлық атақтар атақтарының 48 рангі енгізілді, бұл мемлекеттік органдардың күрделенген құрылымын көрсеті. Орталық әкімшілікті жетілдіру жүргізілді. Импераор Тэммудің кезінде 6 үкіметтік ведомство құрылды, ал, 690 жылы басты министрлердің жүйесі және 8 ведомство пайда болды. 690 жылдан бастап жүйелі түрде әр 6 жыл сайын халық санағы жүргізіліп, жерді қайта бөлу жүзеге асырыла бастады. 694 жылы қытайдың үлгісі бойынша алғашқы астаналық қала *Фудзивараке* салынды. 689 жылы «*киёмихарарё*» кодексінің аяқталуы (императрица *Дзитоның* кезінде император сарайы орналасқан елді-мекеннің атына байланысты аталды) және 701 жылы император *Моммудың* кезінде жаңа кодекс «*Тайхо рицурёнің*» құрылуы реформаторлардың алдына қойған орталықтанған мемлекетті құру туралы мақсатына қол жеткізгенін байқатты.

Жаңа қоғамның төмендегідей экономикалық, саяси және әлеуметтік белгілері болды. 645 жылғы төңкерістен кейін бүкіл үстем тапты Қытай үлгісі бойынша орталықтанған әміршілдік жүйеге біріктіру қолға алынды. Ол рангтар мен мемлекеттік қызметтерге негізделді. Соңғылары ресми түрде мұрагерлік болып есептелген жоқ. Әміршілдік жүйе шонжарлардың жағдайын неғұрлым берік жасады. 684 жылы жеке адамдардың қолындағы қару-жарақ жинап алынып, уездік басқармаларға жинақталды.

Алайда, жапондық мемлекеттік құрылыстың қытайдағы әміршіл құрылыстан елеулі өзгешелігі болды. Жекелей алғанда, орталық әкімшілік орган – *Мемлекеттік Кеңеспен (Дадзёкан)* қатар, синтоистік мерекелерге басшылық еткен бүкіл елдегі синтоистік храмдарды бақылаған – *Діни істер бойынша Кеңес (Дзингикан)* құрылды. Мұндай орган Қытай әкімшілік жүйесінде болған жоқ. Сонымен қатар мемлекеттік қызмет орындарын ауыстыруда да өзгешеліктер болды. Шенеуніктік иерархияның төменгі және жоғары орындары қарапайым адамдардың қолы жетпейтіндей деңгейде бір-бірінен ажыратылып қойылды. Ақсүйектердің балаларына жоғары рангілер олар белгілі-бір жасқа толғаннан кейін бірден тиесілі болды. Олар жоғары қызмет орындарымен қатар экономикалық табыс көздерін де өз қолдарына монополиялап алды.

Мемлекеттік құрылымның әміршілдік принциптерінен бас тартудың тағы бір көрінісі уезд бастықтарын тағайындаудан да көрінді. Өз қызметтерін белгілі-бір мерзімге алатын провинция губернаторларынан айырмашылығы уезд бастықтары бұрынғы рулық қауымдардың көсемдерінің қатарынан тағайындалды.

Дәл осындай жағдай әскери жүйеде де орын алды. Әскери құрамалардың қолбасшыларын уезд бастықтарының жанұясы мүшелерінің немесе бай адамдардың арасынан губернаторлар тағайындап отырды.

Осылайша, бұрынғы ру ақсүйектері мен жергілікті әкімшілікте бұрынғы қауым бастықтарының жігіне арқа сүйеген, бсқарудың дәстүрлі тәсілдерін пайдаланған, формальды-әміршілдік құрылым болып ұйымдастырылған орталықтанған монархия пайда болды.

1.2. Аграрлық қатынастардың дамуы: үлестік жүйенің пайда болуы.

Қоғамның экономикалық негізін егін шаруашылығы құрады. VII – X ғ.ғ. өндіргіш күштер біртіндеп өсуімен сипатталды, бірақ, тұтыну алғашқы ертефеодалдық қоғамға тән төмен деңгейде қала берді. Халық VII ғ. 6 млн-нан – XII ғ. 10 млн-ға дейін өсті (X ғ. туралы мәлімет жоқ). Өңделетін алқаптар VII ғ. 600-700 мың *тө-дан* (*1 тө = 10 тан = шамамен 1,2 га*) X ғ. 860 мың тө-ға дейін өсті. Соған қарамастан үлкен рольді терімшілік, аңшылық, балық аулау атқара берді. VIII ғ.бүкіл елде темірден жасалған ауыл шаруашылық құралдары кеңінен пайдаланылса да, егін шаруашылығы айтарлықтай ілгері баспады. Қол еңбегі үстем болып, жұмысшы малды аз пайдаланды. Жасанды суландырылатын және жоғары өнімді егістіктер әлі де аз болды, суландыру үшін табиғи бұлақтарды пайдаланды. Жасанды тоғандардың саны да аз болды, уақыт өткен сайын оларды пайдалану кеңейе бастады.

Елдің халқы шектен тыс жинақы болды, себебі ұсақ шаруашылықтарының тұрақты дамуына жағдай қалыптаспады. Солай болса да, өндіргіш күштердің даму деңгейі қосалқы өнімнің жүйелі өндірісіне жеткен жоқ. Бұл толық құқықты емес тәуелділерді қанаудан бұрынғы ерікті қауымшылардың бүкіл бұқарасын қанауға өтуге мүмкіндік берді.

Жапониядағы феодализмнің ерте сатысында қалыптасып келе жатырған феодалдар табы феодалдық әдістермен бұрынғы ерікті қауымшыларды қанай алмады, сондықтан қанау орталықтанған мемлекеттік-феодалдық нысан алды. Мемлекет ұлан-ғайыр жыртылған егістіктерді иемденіп алды. Алайда, үлестік жүйені тиімді қолданған жағдайда да, VIII ғ. бірінші жартысында жерге мемлекеттік меншік принципі толық сақталмады. Реформаға дейінгі кезден бастап-ақ мәңгілік иелікте храмдық жерлер болды, оларды сатуға болатын еді. Сарай ақсүйектерінің жер үлестері ресми түрде уақытша болды, бірақ қызметтерді мұрагерлік пайдаланудың әсерінен жанұяның тұрақты иелігінде болып отырды.

Сонымен қатар үлестік жүйенің өзі шаруалардың үлестерін өмірлік пайдалануын заңдастырып, жеке пайдаланатындығын байқатты. Жанұяның үлесі бекітілген нормаға сәйкес анықталды: үлкен ер адамға 2 тө, әйел адамға осы ауданның 2/3 бөлігі тиесілі болды, кәмелеттік жасқа толмағандар, қарттар, құлдарға да үлестер бөлінді. Егер жанұяның шынайы учаскесі заңдастырылғаннан асып кетсе, артық жерді жері аздарға бөлу үшін өкіметтің қолына өткізуі тиіс болды. Әр 6 жыл сайын адамдар (алғашында үй басы, кейін жан басы) мен жердің санағы жүргізіліп, жерді пайдалану жанұя құрамының

өзгерісіне сәйкес жүргізілуі тиіс болды. Қайта бөлініске тек суландырылатын жерлер түсті, усадьбалық және бақтық жерлер иелерінің құзыретінде болды, оларды пайдалануға және мұраға алып қалуға өкіметтің рұқсаты керек болды. Өңделмеген жерлер ресми түрде мемлекеттік болып есептелді, ал, шын мәнінде қауымдық пайдалануда болды.

Үлестік жүйенің енгізілуі ескі, рулық қауымның негізгі экономикалық бірлік ретінде жойылғанын дәлелдеді, оның орнына 20-30 адамнан құрылған және туысқан үйлік қауымның тобын құраған үлестік аула (двор) келді. Әкімшілік бірліктің төменгі бөлігі ретінде 50 ауладан тұратын (*ри, сато*) бірлестіктердің орнығуы қауымдық байланыстың ыдырай бастағанын дәлелдеді. Алайда, VIII ғ. қауым әлі де бірқатар маңызды қызметтерді атқарды. Мәселен, ірі ауқатты жерлерді игеру кезінде ол кейін қауымдық байланыстар негізінде шағын учаскелерге бөлінді.

VIII – X ғ.ғ. үшін ұсақ еңбекке негізделген шаруашылықтардың үстем болуы тән болды. Бұл суландырмалы күріш өсірудің ерекшеліктеріне байланысты болды: шектен тыс жұмыстың көп болуы жұмысшылардың өз еңбегіне жеке қызығушылықты талап етті. Сондықтан егін шаруашылығында құлдардың немесе жеке басы тәуелді егіншілердің еңбегі кеңінен таралмады. Үлестік жүйеде мемлекет те, феодалдар да ауыл шаруашылық үрдісін ұйымдастыруға араласпады, олар тек дайын өнімді жинап алды. Бұл рента нысандарына әсерін тигізді. VII ғ. реформаға дейін өмір сүрген қос өнімді жүйесіз алу феодалдық жүйелі салық салумен алмастырылды: бидай салығы – қолөнер бұйымдары және табиғи азық-түліктерінің салығы – еңбек міндеткерлігі түріндегі нақты үштік орын алды. Бидай салығы алқаптың ресми бекітілген шығымдылығының 3%-н құрады, бірақ шаруалар одан да көп төледі. Ең ауыры жұмыспен өтеу рентасы болды. Ол негізінен ирригациялық жүйелердің, жолдардың, қалалардың құрылысына арналды.

VIII ғ. басына дейін Жапонияның тұрақты астанасы болмады, император ордасы бір орыннан екінші орынға жиі ауысып отырды, бұл тауарлы өндірістің орталығы ретінде қалалардың пайда бола қоймағандығын дәлелдеді.

Орталықтанған мемлекеттің қалыптасуының аяқталуы, қосымша өнім көлемінің өсуі ірі қалалардың пайда болуын қажет етті.

710 жылы астана Фудзиваракёден Хейдзёкёге ауыстырылды. Алып қалалар мен храмдар құрылысы жүргізіле бастады, қолөнер бұйымдарының тамаша үлгілері туындай бастады. Алайда, қалалар ең алдымен, сауда-қолөнершілік емес, әкімшілік орталықтардың ролін атқарды. Қалаларда ақсүйектер, шенеуніктер, монахтар, олардың қызметкерлері, мемлекетке бағынышты қолөнершілер тұрды. Қолөнермен деревнялардағы шаруалар да айналысты, олар жеке тұтынуға және алым-салық өтеуге қажетті бұйымдарды өндірді.

Астанамен қатар провинциялық және уездік қалалар да болды, оларда тек әкімшілік ғимараттар, шенеуніктердің тұрғын-жайлары, қоймалар орналасты. Олардың халқы мың адамнан аспады.

Мемлекеттің және әлеуметтік-экономикалық қатынастардың одан әрі дамуы екі бағытта жүріп отырды:

1. Әміршілдік пен мемлекеттіліктің орталықтануы жүзеге асты.

2. Әміршілдік құрылымға туыстық ақсүйектік байланыстар еніп кетіп отырды.

Осындай екі жақтылық аграрлық дамуда да көрініс берді. Жекелей алғанда сусыз алқаптарды игеруді және минералдық ресурстарды дайындауды мақұлдау туралы (713 және 715 ж.ж.) заңдар шығарылды. Яғни, мемлекет бұл арқылы жеке бастаманы кеңейтуге тырысты. 722 жылы жыртылған жерлерді 1 млн. төге көбейту туралы жарлық шығарылды. Бұл арқылы мемлекет өзінің тікелей бақылауына өтетін жердің көлемін арттыруға тырысты. 723 жылғы заң тыңды игерген адамға сол жерді үш ұрпақ бойына пайдалануға рұқсат берді, бұдан кейін жер мемлекет қорына өтуі тиіс болды.

Бұл жарлықта тың жерлерді игеруге талпынысты қолдаумен қатар, бұрын мемлекет қарауында болмаған жерлерге мемлекеттік билікті таратуға ұмтылыс та көрініс тапты. 20 жылдан кейін жаңа жарлық бұл шектеуді жойды және жеке меншіктің жеңгенін көрсетті.

Біртіндеп қауым көсемдерінің шынайы тәуелсіздігі жойыла бастады. Олар VII ғ. уезд басшылары болып жарияланды. 752 жылы салыққа жиналатын күрішті өздері алып қалған уезд бастықтарын жазалау туралы жарлық шықты.

Жергілікті әкімшілік бақылаудың күшейтілуі IX ғ. екінші жартысында провинция губернаторларын өзінен төмен көсемдерді бағындырып қана қоймай, үкіметке де қарсы шығуға мәжбүр етті. Губернаторлар өз провинцияларынан салық жинап қана қоймай, жоғарыдағылардан араласпауды талап ете бастады. Провинциялар әлеуметтік өмірдің негізгі деңгейіне айналды.

Жер иеленуде де маңызды өзгерістер жүре бастады. Үлестік жүйе ыдырай берді және X ғ. таман мүлдем жойылды. Оның орнын бірнеше ғасырлардың ішінде вотчинаялық иеліктер ауыстыра бастады. Олар жеке адамдарға «*тартуға берілген*» деген мәртебе алды және *сээн* деп аталды. Алайда мемлекеттік жерді (*кодэн*) де қатар пайдаланды. Үлестік шаруашылықтардың орнына жалгерлер жүйесі пайда болды: провинциялық басқармалар шаруалардың жерлерді олардың шығу тегіне қарамастан өңдеуіне рұқсат берді және оларды бір кешендерге – *мёге* біріктірді, оның басшысы *мёсю* деп аталды, ол жалгер ретінде салық жинауға жауап берді.

Жердің мемлекетке заңды түрде тиесілі болуы жеке вотчиналардың пайда болуына кедергі келтірді. Оларды құруды мемлекет қадағалап отырды, әрбір жаңа губернатордан вотчиналардың тіршілік әрекеті үшін рұқсат алу қажет болды. VIII ғ. басында басталған бұл үрдіс XII ғ. ғана аяқталды.

VIII ғасырдағы ерте сээндерді X ғасырдың ортасындағы сээндерден жердің елеулі бөлігінің иесінің жеке пайдалануында болуымен ерекшеленді. Себебі оның қоластындағы жұмысшы күші жеткіліксіз еді. Мемлекеттік биліктің және жергілікті әкімшіліктің әлсіреуімен бірге ерте сээндердің көбі өмір сүруін тоқтатады. IX ғ. сээн мәртебесін император сарайына, ақсүйектер мен будда монастырларына берілген жерлердің көпшілігі иемденді. Бұл «жоғарыдан» феодалдандыру жолы еді, мұнда қызметтік ақсүйектер феодал жер иеленушілерге айналды.

Сәенді сатып алуға болмайтын болды, олар тек мемлекеттің тарапынан «сыйға» тартылды. Мемлекет бұл иеліктердің шекарасын белгіледі, салынатын салықтың мөлшерін анықтады.

1.3. X – XII ғ.ғ. Жапония.

Қарастырылып отырған кезеңде сыртқы саяси ахуалдар елдің дамуына қолайлы жағдай жасады, Қытай және Корея әскери тұрғыда қауіп төндіре қоймады. Жапонияның билеушілері олармен дипломатиялық қарым-қатынасты жандандырғысы келмеді, оқшаулану саясатын ұстанды, бірақ толық емес еді, себебі жеке сауда жүргізілді.

X – XII ғ.ғ. өндіргіш күштердің одан әрі өсуі байқалды. Ауыл шаруашылығында бұл жетістік егістік алқаптардың өнімділігінен байқалды. Ол темірден жасалған еңбек құралдарының одан әрі кеңінен таралуымен, жасанды суландырылатын алқаптардың көбеюімен байланысты болды. Бай шаруалардың шаруашылықтарында жұмыс көлігін, сондай-ақ тыңайтқыштарды пайдалана бастады. Бұл алдыңғы кезеңге тән емес еді. Бұның барлығы егіннің шығымдылығын арттырды: XII – XIII ғ.ғ. алдыңғы YIII – IX ғ.ғ. салыстырғанда 30-60 %-ға көбейген. Жекелеген аудандарда шығымды жылына екі рет жинайтын болды. Дәнді дақылдармен қатар көкөністерді де өсірді, техникалық дақылдар кеңінен таралды. IX ғасырда құрлықтан шай әкелініп, ол XII ғасырда бірнеше провинцияларда таралып, өсіріле бастады. Интенсивті егіншілік үстем болып, терімшілік, балық аулау және аңшылықтың ролі күрт түсіп кетеді.

X – XIII ғ.ғ. аралығы Жапонияда әскери сословиенің күшейген кезі болды. X ғ. алғашқы жартысында-ақ шығыс провинциялардағы Тайра Масакадо (935 – 940) және батыста Фудзивара Сумитомо (939 – 941) феодалдарының үкіметке қарсы бүліктері осы үрдістің алғашқы дәлелі болды, оқиғалардың барысы XII ғ. ерекше әскери өкіметтің орнауына алып келді. Бірқатар факторлар әскери сословиенің пайда болуы туындатты. Діни феодалдардың біртіндеп нығаюы, олардың дүниәи феодалдармен қарама-қайшылықтарының күшеюі, жерге жеке меншікте көп салалы иерархиялық жүйенің болуы орталық пен жергілікті жерлерде өмір сүріп тұрған мемлекеттік құрылымның заңды немесе діни құралдары арқылы реттеуге келмейтіндей дәрежедегі әлеуметтік тұрақсыздыққа алып келген еді. Ал бұл мәселені тек кәсіби, ауыр қару-жарақты қарулы күштің көмегімен ғана шешуге болатын еді. Алғашқы жауынгерлік жасақтардың әлеуметтік тегі туралы бұрын бай шаруалардың қатарынан шыққандап делінген болса, соңғы кездері олардың орта және төменгі ақсүйектердің әскери іске маманданған бөлігінен болғандығы туралы айтылуда. Дегенмен, шаруалардан шыққандардың да бар екендігі мойындалады.

Самурайлардың өз ішіндегі иерархия X – XI ғ.ғ. жерге байланысты қатынастармен өлшенбеді, жеке қарым-қатынастары ғана ескерілді. Сондықтан ірі самурайлық бірлестіктер жергілікті феодалдардың өзара жауласушылықтарының салдарынан оңай ыдырап отырды. Өздерінің аумақтық өкіметін орнатуға тырысқан Тайра Масакадо мен Фудзивара Сумитомоның бүліктерінің сәтсіздікке ұшырауының себебі де олардың өз төңіректеріне

самурайларды шоғырландыра алмауынан болды. Бүліктерді өзге самурайлық жасақтар басып тастап отырды. Әскери сословие тек XII ғасырда, лендік жүйе орнағаннан кейін ғана өз өкіметін орната алды.

X ғ. басында үлестік жүйе өмір сүруін тоқтатты. X – XI ғ.ғ. ортасын вотчиналық жүйе дамуының екінші сатысы деп қарастыруға болады. Бұл кезде сёэндердің саны мен олардың көлемі жергілікті феодалдар мен шаруалардың ақсүйектердің пайдасына коммендациясының немесе шаруалардан жерді тікелей тартып алудың нәтижесінде тез өседі. Коммендация үрдісінің алғашқы көріністері IX ғ. екінші жартысында басталғанымен, ел аумағында ол X ғ., әсіресе, XI ғ. айқын көріне бастайды. Алайда вотчина иелері адамдар мен жерге деген толық құқықты иемдене алмайды. Адамдар мен жерге феодалдардың өз арасындағы тәрізді, феодал мен мемлекеттің арасында да жеке-дара феодалдық меншік орнады. Шаруалар екі жақты қанауға түсіп, екі жақты салық төледі.

X ғ. бастап азаматтық және әскери феодалдардың иерархиялық сатысы пайда болады. Оның жоғарғы сатысын император жанұясының мүшелері, жоғары сарай шонжарлары, ірі монастырлар мен әскери үйлер иемденді. Олардан кейін орта әскери шонжарлар, жергілікті (немесе деревня) феодалдар тұрды.

X – XIII ғ.ғ. жапондық иерархиялық жер иеленушілік азаматтық және әскери феодалдардың лен ретінде жер учаскелерін емес, кез-келген міндетті атқарғаны үшін белгілі-бір аумақтың табысының алуға құқылы болуымен сипатталды. Бір қарағанда бұның ешқандай ерекшелігі жоқ еді, себебі, ренталық фьефтер Шығыстың өзге де елдерінде, сонымен қатар Еуропа да таралған еді. Жапонияда шекарасы бүкіл орта ғасырлар бойына өзгерусіз қалған вотчиналар болды. Тек XV ғ. кейін, провинциялық феодалдар елеулі аумақтарды басып алып, ал, астаналық азаматтық феодалдар толықтай биліктен айырылған кезде, феодалдар табының ішіндегі вассалдық қатынастар классикалық жер лендерін берумен анықтала бастады.

Қарастырылып отырған кезеңнің тағы бір ерекшелігі әскери қызметті өткермей-ақ, тек салықтың белгілі бір мөлшерін төлеу міндеткерлігі арқылы жеке меншіктің иерархиялық қатынасының таралуы болды.

Егер X ғ. дейін жапон қоғамы екі жақты құрылымының болуымен, бір жағында, Қытайдан алынған мемлекеттік институттар (құқығы), екінші жағында, басқарудың дәстүрлі әдістері, ерекшеленсе, X ғ. рулық қауымдардың ыдырауымен, деревняны тікелей шенеуніктердің басқаруының енгізілуімен, иерархиялық феодалдық меншіктің қалыптасуымен, діни және әскери феодалдардың даралануымен бұл екі жақты құрылым жойылып, қарастырылып отырған кезеңде жапон қоғамы орта ғасырларға көп салалы және көп қырлы сипатқа ие болды. Немесе, сыртқы қауіп-қатер жойылғаннан кейін иемденілген және өзіндік элементтердің араласуы жүрді, оның нәтижесінде жапон қоғамының ішкі талаптарына жауап бере алатын құрылым қалыптасты.

II тарау. XII – XIV ғ.ғ. Жапония.

2.1. Сёгунет жүйесінің қалыптасуы.

Сёгун – 1192 – 1867 ж.ж. Жапониядағы әскери билеушінің атағы, оның кезінде императорлық әулет шынайы биліктен айырылды. Барлығы сёгундардың үш әулеті болды: 1. Минамото (1192 – 1333); 2. Асикага (1335 – 1573); 3. Токугава (1603 – 1867).

Жергілікті феодалдардың күшеюінің жарқын көріністерінің бірі – поместьелерінде жеке қарулы күштерінің пайда болуы болды. Мұнда үкіметік жүйенің біртіндеп ыдырай бастауы да ерекше роль атқарды. Бұл жүйе шаруалардың әскери міндеткерлігіне негізделіп тұрған еді, яғни шаруалардың елеулі бөлігін провинцияларда жергілікті гарнизон ретінде орналастырылған әскерге алып кетті. Мұндағы әрбір шаруа өз есебінен қарулануы тиіс болды және әскери қызметі кезінде оны жанұясы асырауы тиіс еді. Шаруалар әрдайым, жерінен айырылса да, әскер қатарына алудан қашып кетуге тырысып отырды. Гарнизонға түсіп қалғандар керекті азық-түлікті өздері табуы тиіс болды. Тап күресінің шиеленісуі және қашқын шаруалардың санының көбеюіне орай барлық жерде феодалдар мен олардың иеліктеріне шабуылдаған шаруалардың отрядтары пайда бола бастайды. Шаруалармен күресу үшін поместье иелері өздерінің жеке қарулы отрядтарын құра бастайды. Бұл отрядтар қашқын шаруалардан немесе бұрынғы солдаттардан құрылды. Көбіне феодалдар қашқын шаруаларды өздеріне тартты, мұндай жағдайда «келіссөздер» жасалды. Олардың мазмұны бойынша жасақ өзінің феодалына «адал ниетімен» қызмет жасауға және оны жанын сала қорғауға міндеттелді. Ал феодал өз жасақтарын тамақтандырып, киіндіруі, тұрғын-жаймен қамтамасыз етуі тиіс болды. Осылайша, поместьелерде жердің иесі мен шаруадан басқа, жасақшылар да пайда болды. XI – XII ғ.ғ. поместьелердің саны өсіп қана қоймай, олардың іріленуі де жүрді. Нәтижесінде ұсақ феодалдық иеліктер әлсіздігін байқатты. Өз поместьелерін ұлғайта алмаған ұсақ феодалдар жергілікті әкімшіліктің қысымына төтеп бере алмады. Сонымен қатар ірі жер магнаттарының тарапынан оларды жойып жіберудің қаупі туа бастайды. Бұған қоса шаруалар отрядтарының тарапынан да үлкен қауіп төнеді. Осы жағдайлардың барлығына орай ұсақ жеке меншік иелері ірі феодалдардың қорғанышы мен қамқорлығының (кейде ерікті түрде, кейде күштеу әрекеттерімен) астына кете бастайды. Осылайша жапондық провинцияларда қарым-қатынастың жаңа түрі – ірі жер иеленушілер – сюзерен және ұсақ жер иеленуші арасындағы – орнайды. Жер қатынастарындағы жаңа өзгерістер саяси өмірде де көрініс бере бастады. XI ғасырдың ортасынан бастап-ақ Фудзивара руының өкіметі дағдарысқа түсе бастайды. Қызмет орындары мен атақ үшін талас басталады. Императорлар соңғыларымен белсенді күресу үшін тақтан алшақтап, монастырьларға қарай кете бастады. Мемлекеттің тарапынан салық пен өзге міндеткерліктерден босатылған монастырлық иеліктердің саны күннен-күнге өсе түсті. Монастырьларға арқа сүйеген императорлар Фудзивараны әлсіретеді. Бұл күрес ғасырға (1069 – 1167) жуық уақытқа

созылды және тарихта «*экс-император монахтардың ел басқаруы*» (*Инсэй*) деген атпен белгілі болды. Алайда мұндай саяси өзгерістер Жапонияның экономикалық дамуы үшін ешқандай мәні болмады.

XI – XII ғ.ғ. феодалдық поместьенің екі түрі қалыптасты:

1. Жапонияның шығысы мен солтүстігінде пайда болды; ұсақ ормандық жер иеленушілік жақсы дамыды. Бұл иеліктер жаңа қызмет жасаушы таптың өкілдері – самурайлардың қолында шоғырланды. Олар белгілі-бір қуатты әскери үйдің төңірегіне вассалдары ретінде топтасты. XII ғ. солтүстік-шығыста мұндай қуатты үйдің қатарында *Минамото үйі* болды.
2. Бұған қарама-қарсы Жапонияның оңтүстік-батысында поместьенің бұрынғы нысаны, яғни жеке иеліктерге бөлінбеген, ірі иеліктер сақталып қалды. Мұндағы поместье иелерінің шағын жасақтары ғана болды. Оңтүстік-батыс Жапониядағы негізгі күш *Тайра үйінің* қолында болды. Өздерінің елеулі жер иеліктеріне арқа сүйеген Тайра XII ғасырдың ортасында (1156) елдегі саяси билікті басып алып, оны өз қолдарында 1185 жылға дейін ұстап тұрды. Императардың атынан әрекет жасай отыра, олар өз бақталастары – солтүстік-шығыс ауданның феодалдарына қарсы күресті.

Солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс феодалдардың күресі екі үй – Минамото мен Тайраның күресіне ұласты. Бұл күресте әскери жағынан күшті болуымен ғана емес, сондай-ақ қуатты феодалдық ұйымға арқа сүйеген Минамото үйі жеңіске жетті. Тайраға қарсы күрес 1180 жылы Минамото Ёритомоның басшылығымен басталды және 1185 жылы Данноур маңындағы (қазіргі Симоносэки) шайқаста олар қарсыластарына күйрете соққы берді. Соғыстың барысында елдің шығысындағы Камакура елді-мекенінде Самурайлар ведомствосы (*самурайдогоро*, 1180 ж.), Әкімшілік ведомствосы (*кумондзэ*, кейін – *мандокоро*, 1184 ж.) және Сот ведомствосынан (*монтюдзэ*, 1184 ж.) құралған әскери үкімет *бакуфу* құрылды.

Минамото үйі бақталастық соғыстардың нәтижесін өз пайдасына пайдалана білді. Әскери қолбасшы *Еритомо 1192 жылы «сегун»* (қолбасшы, әскери көсем) деген атақпен мемлекеттің жоғары билеушісі болып жарияланды. Елдің саяси орталығы Хонсю аралындағы Канто облысына – Камакура қаласына көшірілді. Қала феодалдық Жапонияның жаңа астанасына айналды. Минамото үйінің жаңа билеушілеріне енді император сарайы және Фудзивара бастаған астаналық (хэйандық) ақсүйектермен күрес жүргізуге тура келді. Бұл күресте Минамото шаруалар қозғалысын өз мақсаттарына пайдаланды. Император мен хэйандық ақсүйектер 1185 және 1192 жылдар аралығында шынайы өкімет билігінен айырылды, бірақ император атағы мен жер иеліктерінің елеулі бөлігі қалдырылды. Бұл ақсүйектердің 1221 жылы билікті қарудың күшімен қайтарып алуға жасаған әрекеттері нәтижесіз аяқталды. Жапонияда ұзақ уақыт бойы Минамото әулетінен шыққан сегундардың шынайы билігі орнады.

XII ғ. – XIII ғ.басындағы ішкі соғыстар және сегунат жүйесінің орнауы үстем таптардың жер иеліктеріне құқықтарын бекітіп алып, шаруаларды

тәуелділік жағдайында ұстауға тырысушылығын байқатты. 1185 жылы Тайраның талқандалуынан кейін Минамото басшылығындағы жеңімпаздар қарсыластарының жерінің елеулі бөлігін өзара бөліске салды, бұдан кейін Минамото үйіне жатпайтын губерниялық басқармалар мен феодалдардың поместьелеріне әскери отрядтардың бастауымен арнайы комиссарлар жіберілді. Оларға қарсылықтар мен наразылықтарды басу міндеті жүктелді. Кешікпей орталық өкілдерінің ықпалы өсе берді, олар жергілікті феодалдардың шаруашылығына бақылау орнатып, өнімнің 1/20 бөлігін «әскери салық» деген желеумен өздеріне иемденіп алды. Бұл жаңа өткір қақтығыстарды туғызды. 1221 жылғы астаналық ақсүйектердің сәсіздіктерінен кейін жеңімпаздар тағы да көптеген жер басып алып, көптеген поместьелерге бөлді. Бұдан Минамото жасақтарының келесі бөлігі де жер алды. Поместьелерде әскери комиссарлар жерлерді біртіндеп өз қолдарына тартып ала бастады. Бұрынғы губернаторларды ығыстырған вице-губернаторлар провинциялардың толық қожайындарына айналды. Олардың көпшілігі болашақта *ірі феодалдарға – даймеге* айналды.

2.2. Жапонияға Құбылайдың шапқыншылықтары (1274, 1281).

1260 – 1285 ж.ж. Жапонияға моңғол шапқыншылығының қаупінің күшейген жылдары болды. Бұл үкіметі бар күшті сыртқы жауға тойтарыс беруді жұмылдыруға мәжбүр етті. Кюсю аралының және Хонсю аралының оңтүстік-батыс жағалауында ірі бекіністер тұрғызылды; бұл бекіністердің құрылысы үшін елдің барлық бөлігінен шаруалардың кең бұқарасы тартылды; осы аудандарда қорғаныс шараларын ұйымдастыру үшін самурайлардың орасан зор мөлшері де шоғырландырылды.

Моңғол жаулап алушылары бағынуды талап етеді. Алайда Жапония билеушісі *Ходзэ Токимунэ* Құбылайға тәуелділікті мойындаудан бас тартады және оның жіберген елшілерін жазаға тартады. Моңғолдардың арасында Жапонияның көзсіз байлығы туралы сыбыс жайлайды. Мұндай сыбыстардың батыл таратылғаны соншалық, оған Марко Поло да сеніп, оларды Батыс Еуропаға таратады. Моңғол феодалдары өздерінің Жапонияға жорықтарына қытайлықтар мен корейліктерді күштеп қатыстырады, үлкен флот және армия жасақтайды және екі рет, 1274 және 1281 жылдары, Жапония жағалауларына шапқыншылық жасайды. Оларға Кюсю аралына келіп түсудің мүмкіндігі туады және саны жағынан басым болуының арқасында аралды ерлікпен қорғап тұрған жапон әскерлеріне ауыр соққылар береді. Жапон әскерлерінің кескілісе қарсыласуы, басқыншылардың арасындағы алауыздықтар, моңғолдардың теңіз операцияларын жүргізе алмауы, сондай-ақ флоттың елеулі бөлігінің теңіз дауылынан жойылуы – жапон халқын моңғол езгісінен сақтап қалды. Алайда 1281 жылғы жорықтан кейін де моңғолдардың шапқыншылығы Жапонияға бірнеше ондаған жылдар бойы қауіп төндіріп тұрды.

Моңғолдарға қарсы күрес шаруалардың, сонымен қатар самурайлардың жай-күйіне теріс әсерін тигізді, олардың жағдайы күрт шайқала бастады. Жауынгер сословиесінің басты байлығы жерді сату мен кепілге қою кең қарқын алады. Самурайлардың негізгі кадрларындағы жер қорын сақтап қалу үшін

үкімет 1279 жылы олардың поместьелерді көпестерге сатуына тиым салған заң шығарады. Ал, бұл шарадан нәтиже шықпаған кезде үкімет 1297 жылы жерді сатып алу-сату, қарызға беру мен кепілге қою жөніндегі барлық келісім шарттардың күшін жоятындығы жөнінде жарлық шығарады. Жарлықтың да пайдасы тие қоймайды. Сондықтан келесі жылы ол да күшін жояды. Жалпы алғанда, жарлықтардың ешқайсысы ұсақ поместьелі шаруашылықтардың дағдарысының тереңдеуі мен самурайлардың әлсіреуін тоқтата алмады. Минамото-Ходзэ сегунатының тірегі болған ұсақ поместьелі самурайлардың әлсіреуі сегун өкіметінің құлдырауы мен ірі феодалдар – даймёнің күшеюін туғызды. Орталық өкіметтің әлсіреуін пайдаланған даймёлер өздері басқарып отырған провинцияларды жеке иеліктеріне айналдырды. Сонымен қатар, моңғол шапқыншылығына қарсы тойтарысты ұйымдастыру үшін елдің оңтүстігіне көп қаражат пен адамдардың шоғырландырылуы оңтүстіктегі даймёлердің күшеюіне жағдай жасады.

2.3. II Сёгунат кезіндегі Жапония.

Самурайлар мен шаруалардың қиыншылықтарға тап болуы өндіріс пен қоғамды ұйымдастырудың ескі нысандарының дағдарысқа түскенін байқатты. Қоғамның көптеген жіктері Ходзэ режиміне наразы болды: ең алдымен, билікті қайтарып алғысы келген император сарайы тұрды. Сонымен қатар, сауда қызметтеріне сёэн вотчиналары кедергі келтірген елдің орталық және оңтүстік-батысындағы ұсақ феодалдар, елдің шынайы билігінен Ходзэ үйі ығыстырып шығарған және феодал-билеушілерге айналуды, кедейленген самурайларды өз вассалдарына айналдыруды армандаған феодалдық жанұялар да наразы болды. Ауыр салыққа төзе алмаған шаруалардың кең бұқарасы да Ходзэ режиміне қарсы болды. Осынау әртүрлі элеуметтік топтардың сёгунатпен күресін біріктіруші император Годайго болды.

1333 жылы I сёгунат құлатылып, қысқа мерзімге император билігі орнатылады. Император *Годайго* бір өзі ғана билік жүргізуге тырысады, бакуфу, экс-император-монахтардың, регенттердің институттарын жойды, бірақ аксүйектер мен жауынгерлердің арасындағы қарама-қайшылықтарды жоя алмады, соңғыларының мүдделеріне нұқсан келтіріп отырды. Ол барлық жер иеліктерінің император жарлықтары арқылы бекітілуін талап етті. Бұл тағы да наразылықтарды туғызды. Екі жылдан кейін, яғни, 1335 жылы Ходзэнің бұрынғы вассалы, ірі феодалдардың бірі *Асикага Такаудзи* бүлік бастайды, ол екінші сегунат – *Асикага* (немесе Киотодағы әскери үкімет орналасқан кварталдың атына байланысты *Муромати*) сегунатының құрылуына алып келді. Сегунат 2,5 ғасырдан астам уақыт – 1335 (1336) – 1573 ж.ж. өмір сүрді. Биліктің Асикаганың қолына өтуімен ғасырдың аяғына дейін жалғасқан алауыздық соғыстар басталады. Император Годайго тауға қашып кетеді, ол Ёсино деген жерде Оңтүстік сарайдың негізін қалайды. Ал, Асикага болса, Киотода таққа император Комёні отырғызады, ол Солтүстік сарайды басқарды. Қоспатшалық 1392 жылға дейін өмір сүрді, осы жылы екі әулет бірігіп, Киото қаласы қайтадан астана болады. Азамат соғысы ұзаққа созылды, мұнда

феодалдардың екі лагері соғысып қана қойған жоқ, сонымен қатар бүкіл елдің аумағындағы жерді қайта бөлу үшін күрес те өрістеді.

Асикага сегунаты кезінде орталықтанған мемлекеттік аппарат өмір сүргенімен, үкімет әлі күдіретті феодалдар – Сибя, Хосокава, Хатакэяма және басқалардың бақылауында болды. Асикага сегунатының өмір сүрген уақыты ішінде биліктің сипатында біраз өзгерістер болады. ХІҮ ғ. екінші жартысы сегунаттың орталықтанған өкіметінің неғұрлым әлсіз, Минамото-Ходзэ сегунатымен салыстырғанда әлдеқайда тұрақсыздау болуымен ерекшеленді. ХІҮ ғ. әскери губернаторлар (сюго) азаматтық губернаторлардың қызметтерін толықтай тартып алып, деревня феодалдарымен тікелей вассалдық байланыс орнатады. Асикага сегундары самурайларды тек қарулы күштің көмегімен ғана бақылай алатын болды, тұрақты базаларын жасап алуына кедергі жасау мақсатында сюголарды бір провинциядан екіншісіне жиі ауыстырып отырды.

Осылайша, ХҮ ғасырдың басына таман сегундар әскери губернаторлардың қызмет орындарын иемденіп отырған неғұрлым күшті феодалдарды әлсіретіп, орталық өкіметтің позициясын нығайтуға қол жеткізеді.

2.4. XIII-XIV ғ.ғ. Жапонияның әлеуметтік-экономикалық дамуы.

XIII ғасырдың ортасына таман иеліктің негізгі бөлігі Минамото жасақтары мен сегунның басты вассалдары Ходзе фамилиясына тиесілі болды. Бір иеліктерді сегуннан лен есебінде, келесілерін уақытша басқаруға алып отырды. Осылайша, ұсақ поместьелі дворяндар – *самурайлар* қалыптасты. Әскери-поместьелі дворяндар («самурай», «буси») ретінде қалыптасқан феодалдардың үстем табы елдің негізгі жер қорын иемденді, шаруаларды қанап, өздерінің мемлекеттік аппаратын құрды. Дворяндардың неғұрлым артықшылықты тобын *гокэниндер*, яғни *самурайлар* құрады. Олар жоғары сюзерен – сегунға тікелей вассалдық бағыныштылықта болды. Бұлар Минамото үйіне билікті басып алуға көмектескен жауынгерлердің ұрпақтары еді. Екінші топты сегунның тікелей вассалы болып табылмайтын самурайлар құрады, олар хэйандық ақсүйектердің поместьелеріндегі, монастырлардағы, император сарайындағы жасақшылардың ұрпақтары болды. Мемлекеттің басында әскери үкімет «*бакуфудың*» әскери басшысы және самурайлардың әскери қолбасшысы ретінде сегун тұрды. Бірақ 1199 жылы Минамото Еритомо қайтыс болғаннан кейін шынайы билік «*сиккэн*» (*билеуші*) атағын алған *Ходзе Токимасаның* қолына көшеді. Ходзе үйіндегі бұл билік мұрагерлік жолмен берілді. Әскери-феодалдық сословие «*халыққа*» (*бонге*) өз билігін орнатты. Олардың құрамы негізінен самурайлардың жерінде тұрып жатырған шаруалардан құралды. Құқысыз «*халықтың*» қатарында, сондай-ақ, қолөнершілер мен саудагерлер де болды, Хэйан кезінде-ақ *ерекше қолөнер бірлестіктері* – «*дзалар*» деп аталатындар пайда болады. Олар XII ғ.басында Хэйандағы (Киото) және Нарадағы ірі қалаларда пайда болды. Дза ең алдымен император сарайына, киотолық сарай шонжарларына, бай монастырларға қызмет жасады, соңғылары олардың ресми қорғаушылары ретінде көрінді. XIII ғасырда дзалар бүкіл елде кеңінен таралды,

ал ғасырдың аяғында ірі феодалдық иеліктерге де таралды. Бұлардан басқа азық-түлік товарларын жеткізушілердің бірлестіктері де құрылды.

Селолық қауымның сипатындағы жаңа деревняларға бақылау жүргізу жергілікті феодалдардың (*дзайти рёсю*) тіршілігі үшін маңызды болып табылды, ал XI ғ. дейін өмір сүрген олардың мүлікке және әлеуметтік ұйымдарға иелік ету жүйесі жаңа жағдайларға сәйкес келмеді.

Елдің өндіргіш күштері үздіксіз өсуімен сипатталды. Елдің халқы XII ғасырдағы 10 млн-нан XVI ғасырда 16-17 млн-ға дейін өсті. Өңделетін жердің көлемі XII ғ. ≈ 920 *тёны* құраса, XIV ғ. – 940 мың *тё* болды. Бұл сандар өңделетін жердің шынайы өсімін көрсетумен қатар, елді бір орталыққа біріктіргеннен кейін өкіметтің барлығын есепке алу қабілетінің өсіп келе жатқанын да байқатты. XV ғ. бастап халықтың қолдан тұрғызған су қоймаларының көмегімен суарылатын жердің көлемі айтарлықтай өсті. Жерді феодалдар да, деревнялардың төбелтоптары да, кедей шаруалар да өңдеді. Жекелеген алқаптардан үш шығымнан жинай бастады. Қауымдық алқаптардан табиғи тыңайтқыштар дайындайтын жапырақтарды жинау үшін кей жағдайларда қауым өз мүшелерінен ақы талап ете бастады. Күріштің сорттарының саны көбейді, жаңа дақылдар кеңінен таралды: темекі, қант құрағы, мақта, зығыр; мал шаруашылығы дамытылды. Тұтастай алғанда, шаруашылықтың интенсивтілігі артты.

Вотчина иелерінің (астаналық және жергілікті феодалдарға) пайдасына төленетін рентаның нысандарында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Бұрынғыдай заттай рента үстем болды, бірақ XIII ғ. бастап оның біртіндеп *коммутациялану* үрдісі жүре бастады. Бірқатар мәліметтер бойынша XIII ғ. 38 *сёэнде* ақшалай салық төледі, XIV ғ. бастап 126 *сёэнде* ақшалай төленсе, XV ғ. үрдіс үлкен ауқым ала бастады. XV ғ. күріш салығын әскери губернаторлар мен жергілікті феодалдарға сатып алу үшін тапсыру тәжірибесі таралған салықты көп жағдайда астанаға ақшалай немесе күрішті сатып алатын бай көпестердің вексельдерімен жөнелтті. Бұл перифериядағы базарлардың белсенді дамуының арқасында мүмкін болды. XIV – XV ғ.ғ. байқалған ұсақ шаруалардың дербес шаруашылықтарының өсуі барлық жерде бірдей жүзеге асқан жоқ. Елдің шеткері аймақтарында XV ғ. да жеке басы тәуелді шаруалар *гэниндердің* еңбегін кеңінен қолданды, олар дамыған аудандарда да сақталып қалды, бірақ шаруалардың ұсақ дербес шаруашылықтары егін шаруашылығындағы негізгі шаруашылық нысанына айнала бастады.

XIV ғ. бастап елге шашыратылып тасталған *сёэндердің* вотчиналары және мемлекеттік жердің учаскелерінде ірі феодалдардың жинақталған аумақтық иеліктері – князьдықтар құрыла бастады. Осылайша ұсақ және орта жер иеленушіліктен іріге өту басталды. *Сёэн-корё* (вотчина және мемлекеттік жерлер) жүйесі өндіргіш күштердің және сауда-экономикалық байланыстардың дамуы нәтижесінде құлдырауға түсті.

Князьдықтар пайда болғанға дейінгі феодалдық меншіктердің бірнеше түрлерін атап көрсетуге болады:

1. Астаналық қызметтегі ақсүйектердің меншігі. Ол мемлекеттің меншігіндегі жерді астаналық құдіретті үйлердің арасында бөлікке

салудың нәтижесінде пайда болды және мемлекеттік органдардың қамқорлығында болды. Мұндай вотчиналардың шаруалары жерді жеке басы азат мұрагерлік ұстаушылары болып есептелді.

2. Ұсақ және феодал шонжарлардың меншігі. Бұл да жоғарыдағыдай феодалдық сипатқа ие болды, бірақ жоғарыдан емес, төменнен тікелей басып алудың, шаруалардың учаскелерін борыштары үшін тартып алудың нәтижесінде пайда болды. Мұндай иеліктерге, әдетте, жеке басы тәуелді шаруаларды (*гэнин, сёдзю*) тіркеді.
3. Шаруалардан олар игерген бос далаларды сатып алу жолымен пайда болған елеусіз иеленушілердің феодалдық құқығы жоқ жерге меншіктері: *дзинуситэки сёю* («жер иеленушілік меншігі»). Оның ерекшелігі шаруаның жер иесіне ресми тікелей бағыныштылықтың болмауында көрініс тапты. Шаруаны қанау жерді жалға беру нысанында жүзеге асты, жер иесінің өзі тәуелді шаруа ретінде қаралды және феодалдарға рента төледі. *Дзинуси* төлеген жал ақысы, әдетте, оның сол жерге төлеуі тиіс рентасынан асып түсті. Меншіктің бұл түрінің тамыры 743 ж. заңдарға кетеді (бос жатқан жерлерді мұрагерлік иемдену туралы), ал XIV – XV ғ.ғ. оның таралуы ірі шаруашылықтардың ыдырауының және олармен патриархалдық қоғамдағы ұсақ шаруа шаруашылықтарын жинақтаудың барысында жеделдеді. Меншіктің бұл түрі феодалдық-сословиелік сипатқа ие болмады, оны феодалдар, монахтар, қалалықтар, шаруалар иемденді. Әрине, феодализм жағдайында бұл меншік абсолютті болған жоқ, феодалдар мен қауымның тарапынан мойындауды талап етті.

XIII ғ. селолық қауым әлі де әлсіз болды, бірақ XIV ғ. ұсақ дербес шаруа шаруашылықтарының таралуына байланысты көршілік қауымның нығаяуы жүре бастады (*со, ёриан*).

XV – XVI ғ.ғ. негізгі бұқарасын орташа шаруалар құрайтын селолық қауымның гүлденуі байқалды. Бай шаруалар және ұсақ феодалдардың басшылығымен олар өзін-өзі басқарудың бірқатар құқықтарына ие болды. Бұл қауым вотчина иелері және вотчина бастықтарымен белсенді күрес жүргізді, салық салуды жеңілдетуге және еңбек міндеткерлігін жоюға қол жеткізді, өзіне салықтың белгіл-бір сомасын төлеу туралы міндеттеме алды, есесіне өзінің ішкі істерін толық басқару құқығын алып отырды.

III тарау. Соңғы орта ғасырлардағы Жапония (XV – XVII ғ.ғ.).

3.1. Феодалдық бытыранқылық және Жапонияны біріктіру үшін күрес.

XV ғ. басына таман сёгундар неғұрлым күшті феодалдарды талқандап немесе әлсіретіп, орталық өкіметтің позициясын нығайтуға мәжбүр болды. XV ғ. басында Асикага әулетінің үшінші сёгуны *Ёсимицу* және оның мұрагерлері елдің толық билеушісіне жақын болды. Олар сюгоның дербестігіне жол бермеуге тырысты. Әскери губернатордың басқаруына өткен көптеген облыстарда әскери губернатордың жеке иелігіндегі жерлер аз болды, сондықтан

олардың жергілікті самурайлармен вассалдық байланыстары әлсіз болды. Сондықтан осы провинцияларға бақылау орнату үшін сёгундардың өкіметіне жүгінуі керек болды. Сёгундар губернатордың провинцияларға бақылауының күшеюіне қарсы болды, сүгодан тысқары жергілікті ұсақ және орта феодалдармен вассалдық байланыстар орнатылды. Сонымен қатар, XV ғ. бірінші жартысында елдің батыс және орталық бөліктерінің сүгосы Киотода, ал шығыс сүго Камакурада тұруы керек болды. Алайда сёгунның ірі феодалдарға бақылауы ұзаққа созылмады. XV ғ. ортасына таман феодалдардың арасындағы күрес қайта күшейді, бұл сёгунаттың әлсіреуіне алып келді. Сёгун *Асикага Ёсинори* 1441 жылы феодалдардың бірінің қолынан өлтірілді; 1467 – 1477 ж.ж. азамат соғысы басталды, бұл соғыстан кейін сёгунат өзінің ықпалынан айырылды, бірақ әлі де 100 жылдай өмір сүрді. Толық феодалдық бытыраңқылық кезеңі басталды. 1485 жылы жергілікті феодалдар мен шаруалардың жоғары бөлігі *Ямасиро* провинциясынан *Хатакэяма* үйінің өзара күресіп жатқан екі тармағының әскерін қуып шығып, 8 жылға өздерінің бақылауын орнатты. 1485 жылдан бастап *Икко* сектасы *Кага* провинциясын жүз жылға жуық биледі.

Бұрын сёгунның қоластындағы жерлер феодалдық жеке меншікке князьдардың – *даймёның* және орта феодалдардың қолына өтті. Осылайша, жоғары билеушіден лен есебінде алынатын шағын иеліктерің орнына ірі жер иеліктері пайда болды. Олардың бірқатары толық провинциялардың аумағын қамтыды, кейде бірнеше провинцияларға жайылды. Сонымен қатар, ықпалды князьдардың – даймёның экономикалық және саяси күш-қуаты да өсті. Сёэндардың саны күннен-күнге азая берді, себебі, қолөнер мен тауар-ақша қатынастарының даму деңгейіне орай сёэн иелері күшті экономикалық қиындықтарға кезіге бастады, ал, саяси ахуалдар мен жиі халықаралық араздықтар самурайларды кез-келген ірі феодалдардың қамқорлығына өтуге мәжбүр етті. Иелігінде ірі сёэндар бар ірі феодалдар оларды жоюға тырысты, себебі, сёэннің дербестігі барлық табыстардың ірі феодалдардың қолына шоғырлануына кедергі келтірді.

Феодалдар шаруаларды қатал қанады. Шаруалар самурай немесе феодалдар-князьдарға рентаны өніммен төледі. Айырбас пен феодалдық иеліктерді ірілендірудің нәтижесінде барщина жойылды. Рента мөлшері өсіріле берді, XVI ғ. басына таман ол шаруа шаруашылықтарының кіріс табысының жартысын құрады.

Ауыл шаруашылығы өрлей бастады, бірақ ұзаққа бармады. Өңделетін жердің көлемі өспесе де, техникалық құралдар жақсарды. Мал шаруашылығы дамыды. Қытай және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен экономикалық байланыстардың кеңеюі нәтижесінде Жапонияда жаңадан ауыл шаруашылық дақылдары пайда болды: мақта, лак ағашы, қант құрағы. Бірақ XV ғ. екінші жартысынан бастап егін шаруашылығы құлдырай бастады, оған феодалдардың алауыздық соғыстары әсер етті: шаруалардың алқаптары тапталды, ал шаруалардың өздері ұзақ уақыт тікелей кәсіптерінен қол үзіп қалды. Шығымдылықтың жалпы көлемі күрт азая бастады. өңделетін жер 50000 га-ға

қысқарды (барлық алқаптың 5%-нан астамы). Шаруалар өз егістіктерін тастап, ормандарға, үлкен жолдарға немесе қалаға кетті.

Жапонияны біріктіру үшін күрес. XVI ғ. екінші жартысында қалалардың, сауда және қолөнердің тез қалыптасқан кезі. Ескі қалалар тез өсті (Хонсю аралындағы Сакаи қ.), жаңа қалалар, әсіресе, Кюсю аралында пайда болды (Хирадо және Нагасаки қалалары).

Жапония көпестері тауарларымен Тайвань, Филиппины және Үндіқытай жағалауларына дейін барды. Бұл жерлерде ғасырдың аяғында жапондықтардың сауда факториялары мен жапондық қоныстардың көп мөлшері пайда болды. Сонымен қатар, жапондықтардың географиялық мәліметтері де кеңейе бастады, кеме құрылысының өнері, тау-кен ісі дамыды: алтын өндіру, күміс және мыс өндіру дамыды, мыс экспорт үшін өндірілді. Өндірістің бұл саласының дамуы сыртқы сауданың сипатымен (қытайлықтармен, кейде еуропалықтармен) және елдің ішкі саяси ахуалымен байланысты болды.

Елдің экономикалық дамуы тез қарқынмен жүрді, бірақ бір жақты болды. Себебі, ауыл шаруашылығы артта қалды, кең бұқараны талап ететін салалар (тоқыма, жіп иіру, құмыра жасау) баяу дамыды. Өндірістің бірқатар салаларын елеулі дәрежеде феодалдар монополиялады. Тау-кеніштері, кеме жасау, қару-жарақ өндірісі негізінен солардың қолында болды. Алайда, сыртқы саудадағы тәрізді даймә бұл өндірістерге көпестерді жібере бастады. Теңіздің ар жағындағы елдермен сауда үлкен табыстар әкелді.

XVI ғ. ортасында еуропалықтармен сауда басталды. 1543 жылы Жапонияға португалдықтар, 1580 жылы испандықтар келді. Еуропалық көпестер, теңіз қарақшылары мен миссионерлер Жапонияға Қытай, Үндістан және Үндіқытай бұйымдарын, ең алдымен жібек әкеле бастады. Олар сондай-ақ Жапонияда еуропалықтар қару-жарақпен де сауда жасай бастады. Жапониядан еуропалықтар алтын, күміс, сондай-ақ еріксіздерді әкетті. Португалдықтардың Жапониядан әкететін басты тауарларының бірі қару болды. Кешікпей қаруды жапондықтардың өздері жасайтын болды. Атылатын қарудың таралуы әскери істе төңкеріс жасады. Ең алдымен ұрыс тактикасы өзгерді: басты рольді салт аттылар – самурайлар емес, жаяу әскер иемдене бастады. Жаяу әскер *асигару* деп аталды, ол бұрын да бар еді. Олар өз феодалдарына еріп жүретін шаруалар болатын. Енді олар ұрыстағы басты күшке айналды. Жаңа қамалдар салынды, олар саяси-әкімшілік орталықтардың ролін де иеленді, ал олардың айналасы нағыз қалаға айналды.

Португалдық және испандық көпестермен бірге келген иезуиттер Жапонияда католик дінін уағыздай бастады. Алғашында бұл дін табыстарға жетті. Кюсю аралдарының даймәсі иезуиттерді қабылдап, оларға дін еркіндігін берді, мектептер мен шіркеулер ашуға рұқсат етті. Өздері де христиан дініне өте бастады.

Еуропалықтардың Жапон аралдарында пайда болуы феодалдардың өзара соғыстарын өршітті, сонымен қатар теңіз саудасының дамуына да түрткі болды. Алайда феодалдық Жапонияның еуропалық отарлаушыларға бағынуының қауіпін де туғызды.

XVI ғ. екінші жартысында оңтүстік даймёден одақтас тапқан португалдықтар мен испандықтар өзара соғыстарға араласты. Бірақ неғұрлым қауіпті жағдай деп феодалдар шаруалардың үздіксіз күрестерін есептеді. Атылатын қарумен қаруланған шаруалар, шын мәнінде, ең басты қауіпті туғызды. Қалыптасқан ахуалда жапон феодалдары мен жалпы жапондық базар құруға мүдделі болған қала халқының ауқатты бөлігі арасында Жапонияны біріктіру, күшті орталықтан мемлекет құру тенденциясы күшейді. Бұл бірлесудің ұйымдастырушысы Хонсю аралының орталық аудандарын, еуропалықтармен аз байланысқан және оңтүстік даймёсінің күшеюін қаламаған, орта және ұсақ феодалдары болды. Сонымен қатар барлық ықпалды феодалдар алауыздық соғыстармен, шаруалардың көтерілістерімен және сауда-өсімқорлық капиталдың ықпалының өсуімен үзілген феодалдық құрылысты нығайтуға мүдделі болды.

1568 – 1582 ж.ж. ұсақ феодал *Ода Нобунага* елдің тұңғыш біріктірушісі ретінде бой көрсетті. Қысқа мерзімде ол Хонсю аралының орталық аудандарының көптеген даймёсін өз өкіметіне бағындырды. Ол Асикага үйінің соңғы сёгунын биліктен тайдырды (1573 ж.), бірнеше буддалық монастырларды (алауыздық соғыстарға белсене араласқан) талқандады. Өз билігінің соңына таман Ода Нобунага Жапония аумағының жартысына жуығын қоластына бағындырды. Нобунага жаулап алған аудандарында ішкі кедендік шекараларды жойды. Жолдар салды. Осымен бір мезгілде орталық үкіметке сол кездегі Жапонияның ең гүлденген қаласы *Сакаиды* бағындырды.

Нобунага елді біріктіруді аяқтап үлгермей, өз вассалдарының бірінің қолынан өлтірілді. Оның ісін жақын серіктерінің бірі *Тоётони Хидэёси* (1583 – 1598 ж.ж.) жалғастырды. Ол Нобунаганың мақсаттарын орындауға әрекеттенді. Диктаторлық билікке қол жеткізген Хидэёсидің ішкі саясаттағы басты міндеті шаруаларға қарсы күрес болды. 1588 жылы бүкіл шаруалардан қаруды тартып алу туралы бұйрық берді. Осымен бірге жаңа жер кадастрын енгізді (1589 – 1595 ж.ж.), ол шаруаларды жер үлестеріне бекітті; оларды үлесті тастап кетсе, ауыр жазалармен құқығынан айыратын болып қорқытты. Үлесті пайдалану құқығы үшін шаруа феодалға өнімнің 3/2 бөлігін беруге тиіс болды.

Хидэёсидің сыртқы саясаты басқыншылық сипатқа ие болды. Бұл оның өз диктатурасын бекітуге талпынысына байланысты болды. Ол жаулап алушылық жорықтарымен оңтүстіктегі феодалдарды билігіне бағындырып, олардың күші және қаражатымен соғыс жүргізуді есептеді. Бұл басқыншылық саясатты Корея, Қытай және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен қызу сауда байланысын жүргізіп отырған Жапонияның теңіз жағалауындағы қалаларының көпестері де қолдады. 1592 және 1597 жылдары Хидэёси екі үлкен жаулап алушылық жорықтарын жүргізді. Оның жаулап алу жоспары Корея ғана емес, Қытай, Тайвань және Филиппинге да таратылды. 1592 – 1593 ж.ж. жапондықтар Кореяны оңтүстік солтүстікке қарай шарлап өтеді. Алайда Кореядағы халықтық көтеріліс пен Қытайдың көмегі жапондықтарды жеңіліске ұшыратты. Осыдан кейін отаршылдық саясатты қолдаған жапондық буржуазияның бөлігі өзінің экономикалық-саяси мәнін жоғалтты.

Хидэёси қайтыс болғаннан кейін 1598 жылы үшінші біріктіруші ретінде оның қолбасшыларының бірі, Канто ауданының даймёсі Токугава Иэясу шығады.

Жапонияны біріктірудің ұйымдастырушылары Хонсю аралының орталық бөлігінің феодалдары – Ода Нобунага, Тоетоми Хидэеси және Токугава Иэясу болды.

ХҮІ ғ. 80-жылдарының соңғы үштен бірі Жапония тарихында «*Тыныш жер кезеңі*» (*Адзутти дзидай*) деген атпен белгілі болды. Атау қазіргі Сига префектурасындағы елді-мекеннің атына байланысты шықты, онда 1577 жылы Ода қамалдың жанынан Адзутти қаласының негізін қалады, қала кейін оның ордасына айналды.

3.2. Саяси топтардың күресі.

Хидэеси алауыздық соғыстардың және өзге үміткерлердің мұрагерлерінің тарапынан қолсұғушылықтың болатынын жақсы білді. 1598 жылы ол бес *тайродан* (бас министрлер) тұратын жоғары басқару органын құрады, бұл орган Хидээри кәмелеттік жасқа толғанға дейін ел басқарумен айналысуы тиіс еді.

Бес тайроның құрамына Хонсю аралының бес ірі жер иеленушілері кірді: *Токугава Иэясу, Маэда Тосинэ, Уэсуги Кагэкацу, Мори Тэрумото және Укита Хидзие*.

Тайро бес *бугеның* астына қойылды, буге 1585 жылы-ақ мемлекеттік басқарудың әртүрлі ведомстволарының басшылығына тағайындалған еді. Бес буге және бес тайроның арасындағы алауыздықты болдырмау үшін үш адамнан тұратын арнайы орган (*сантюро*) құрылды.

Осы күрделі жүйенің барлығы оны құрушы тірі тұрғанда ғана тиімді жұмыс жасай алатын еді. Ол қайтыс болысымен-ақ жер иеленушілердің әртүрлі топтарының арасында билік үшін талас басталды. Бұл топтардың неғұрлым беделді басшылары *Токугава Иэясу, Исидо Кадзугиси және Маэда Тосинэ* болды.

1582 жылы Хидэёси билікті басып алған кезде *Токугава Иэясу* (1542 – 1616) Хонсюдың орталық бөлігіндегі ең ірі жериеленуші және Ода Нобунаганың беделді қолбасшыларының бірі болды. Нобунага қайтыс болғаннан кейін Токугава мен Хидэёси арасындағы қарым-қатынас (1582 ж.) алғашында жаугершілік сипатта болады, бірақ кейін Хидэёси Токугаваны өз қарындасына үйлендіріп, иелігін ұлғайтады және оның қолдауына ие болады.

Иэясу басқарған топқа Токугаваны өз мақсаттары және туыстық тұрғыда қолдаған басқа да ірі жериеленушілер кірді. Бұлар Иэясумен туыстық байланыстары бар *фудай-даймёлер* (*мұрагер даймёлер*) болды. Олар Иэясудан өздеріне жер иеліктерін алып отырды. Осы топқа сонымен қатар Токугавамен жеке мақсаттары үшін біріккен даймёлер де енді. Олардың ішінде Датэ (Синдай княздығы), Курода (Кюсю ауданы) тәрізді ірі феодалдар да болды.

Иэясу Хидээси қайтыс болғаннан кейін бұл феодалдармен туыстық байланыстар орнатуға асығады. Ол үшін оларды Токугава үйінің қыздарына үйлендіреді.

Даймелердің келесі тобын Кага провинциясының ірі феодалы, тайроның біреуі *Ода Нобунага* және Тоётоми Хидэесидің ең жақын әскери көмекшісі *Маэда Тосинэ* басқарды. Хидээси оны өзінің ұлы Хидээридің тәрбиешісі және регенті етіп тағайындайды.

Маэданың тобына Кореяға жорыққа қатысушы, танымал қолбасшылардың бірі, Кюсю аралынан шыққан Като Киёмаса да кірді.

Маэда 1599 жылы Токугава мен Исида Кадзисугэ бастаған үшінші саяси топтың арасында күрес шиеленіскен кезде қайтыс болды. Ол 1598 – 1599 ж.ж. жоғарыда аталған екі топты татуластырушы ретінде жүреді. Маэда қайтыс болғаннан кейін оның көптеген жақтастары Токугаваның жағына шығып кетеді.

Токугава қарсыластарының қуатты тобын басқарған Исида Кадзисугэ орталық Жапониядағы ірі жер иеленушілердің қатарына жатқан жоқ еді. Ол бес бугенің құрамына енді, Хидэесидің көптеген жорықтарына қатысты, Маэда мен Токугавадан өзгешелігі, Кореяда соғысты.

Хидээридің анасы Ёдогимидің тарапынан қолдау табу үшін Исида Хидээриді мұрагер етіп тағайындағысы келеді. 1598 – 1600 ж.ж. Токугава Хидээриға ашық қарсы шықпаса да, Исида Хидээси ұлының құқығын жақтаушы басты тұлға болып есептелді. Ірі феодал болмағандықтан, оның билікке келуінің өзге жолы болмаған тәрізді.

Исида тобының құрамына елдің Уэсуги, Мори, Симадзи тәрізді, Токугава мен Маэдидан өзге, ең ірі феодалдары кірді.

Екі топтың әскери күштері «Шығыс армия» (Токугаваның тобы) және «Батыс армия» (Исиданың тобы) деген атау алды. Алайда бұл атаулар коалиция өкілдері иеліктерінің географиялық орналасуларына толықтай сай келмеді.

Көптеген феодалдар қалыс қалып отырды.

Сол кезде Жапонияның маңызды экономикалық және саяси орталықтары шығыста емес, батыста жатты. Токугава сегунатының болашақ астанасы Эдо (Токионың ескі аты) әлі шағын бекіністі қала болды, бірақ бірінші сегунат Минамотоның астанасы Камакура өзінің саяси мәнін әлдеқашан жоғалтқан еді.

Көптеген феодалдар, оның ішінде Иэясу да бар, Хидээси билігінің соңғы жылдарында, өзінің соңғы қамалын салдырған, Фусимиде (Киотоға жақын жер) және Осакада тұрды. Батыс провинциялардың мәнін және бүкіл елді басқару үшін оларды бағындырудың қажеттілігін Токугава тобының басшылары да жақсы түсінді. Сондықтан олар өз әскерлерін Батысқа қарай жылжыту туралы шешімге келеді.

Мино провинциясындағы Сэкигахара түбіндегі шешуші шайқаста (1600 ж.) Иэясу әскерлері жеңіске жетеді. Міне, осы кезден бастап, бірқатар қарсылық әрекеттер жалғасып, тіпті әскери қақтығыстар болып қалып жатырса да, Токугава үйі бүкіл Жапонияға билік жүргізе бастады.

Токугава тобының жеңісінің себептері әлі де қарауды талап етеді. Батыс топтардың әскери күштері Кореяға ұзаққа созылған табыссыз жорықтардан

елеулі дәрежеде әлсіреген болатын, ал Токугава мен Маэданың әскерлері бұл жорықтарға қатысқан жоқ еді.

Екі коалиция да берік болмады. Токугава немесе Исида тобына жақындай отыра, ірі жер иеленушілер оларды батыл қолдауды ойламады. Олардың басты мақсаты жеке билігі үшін болашақтағы күресте адам ресурстарын сақтап қалу болды.

Әсіресе, батыс коалиция берік болмады.

Токугава коалициясын да айтарлықтай ұйымшыл деуге болмайды, олардың көбі Токугавамен туыстық байланыстағы фудай-даймёге ғана жатқандар еді. Ияясудың жеңілуі олардың ұланғайыр иеліктерден айырылуына алып келетін.

Исиданың коалициясын талқандағаннан кейін Ияясу оның мүшелерін жазалауға кіріседі. Бірнеше басты жетекшілерін, соның ішінде, Исида Кадзусигэ және Кониси Юкинаганы өлім жазасына кеседі. Кейінірек, Хатидзэ аралына барлық туыстары және бірқатар вассалдарымен бірге Укитаны жер аударады.

Токугаваның қарсыластарының бірқатарына ғана батыл шараларды қолдануы оның жұмсақтығынан емес, өзіне қарсы ашық көтерілістерді шығарып алудан қауіптенуінен еді.

1600 жылдан Токугава үйінің билік жүргізе бастағанына қарамастан, жаңа алауыздық соғыстардың қаупі сейіле қоймады. Токугавамен қатар, елді басқаруға жас Хидэридің төңірегіндегілер де ұмтылыстарын тоқтата қоймайды. Олар Сэкигахарадан кейін Осакада қалған болатын. Бұл қалаға Токугава үкіметіне риза еместер шоғырлана бастайды.

3.3. Токугава сёгунаты.

Сёгун атағы Токугава Ияясуға Сэкигахара түбіндегі шайқастан кейін, екі жылдан соң 1603 жылы наурызда берілді. Алайда бұл екі жылда Ияясу елде жоғары билеуші ретінде билік жүргізді және Токугава үйінің сёгунатын орнату жолындағы кедергілердің барлығын жойып отырды.

Осы мақсатпен ол жоғары феодал шонжарлардың (даймё) ортасында ірі қайта құрулар жүргізді. Соңғылардың қолында Ияясудың жоғары билігіне кедергі келтіре алатындай әскери күш бар болатын.

Ияясудың 1600 – 1602 ж.ж. жүргізген шаралары Сэкигахара түбіндегі шайқаста Токугаваға қарсы шыққан даймёлердің елеулі жер иеліктерін конфискациялауға бағытталды. Конфискацияланған иеліктерді Токугава өзі алып қалды немесе олардың басына өз вассалдарының – фудай-даймёлердің қатарынан жаңа даймёлерді немесе сёгунға тікелей бағыныштағы *хатаматоларды* – самурайларды тағайындады.

Токугава Ияясу Хидээси ұлдарын қолдап тұрған бақталастарын 1600 ж. *Сэкигахара* маңындағы шайқаста талқандап, сёгун атағын алады және бүкіл мемлекеттік билікті өзінің қоластына бағындырады (1603 ж.).

Токугава әулеті Жапонияда 1867 – 1868 ж.ж. буржуазиялық революцияға дейін, екі ғасырдан астам билік жүргізді. Токугаваның басыбайлылық режимінің негіздерін алғашқы үш сёгун (XVII ғ. I жартысы) салып берді. Олар

бұған Кюсю аралындағы Симабара қаласындағы ірі көтерілісті басып (1637 ж.), феодалдық тәртіпсіздіктерді ретке келтіру арқылы қол жеткізеді.

Бірінен кейін бірі үш жарлықпен (1633, 1636, 1639) үшінші сёгун *Иэмицу* өлім жазасымен қорқытып, жапондықтарға ел аумағын тастап кетуге, үлкен кемелер тұрғызуға тиым салды. Ел осымен бір мезгілде шетелдіктер үшін де жабық болды; тек голландықтар мен қытайлықтарға рұқсат берілді. Олар өздерінің шектеулі көлемдегі сауда кемелерімен Нагасакиға келіп кіруі тиіс болды.

Жапониядағы сыртқы әлемнен оқшаулануға бағытталған саясат 2,5 ғасыр бойына сақталып қалды. Мұндай шаралардың негізінде феодалдық құрлысты тұрақтандыруға талпыныс жатты. XV – XVI ғ.ғ. сыртқы саудасы елеулі түрде дамыған теңіз порттарындағы бай қалалықтар жігінің тез өсуіне жағдай жасады. Ұланғайыр байлықтарды иеленген олардың ықпалы да өсті, бұл жіктің одан әрі күшеюі феодалдық құрылысты бұзатын еді. Сондықтан Жапонияның жаңа билеушілері сауда буржуазиясының күш-қүдіретіне соққы беруді жөн көрді және сыртқы саудаға тиым салды. Тек голландықтар мен қытайлықтарға рұқсат етілді. Шетелдіктермен сауда жасауды да, одан түсетін пайданы компаниялар монополиялады.

Сонымен қатар Жапон феодалдарына Қытай мен Кореяны бағындырған маньчжурлардың қаупі де төне бастады. Алайда елдің жабылуының негізгі себебі ішкі жағдайға байланысты болды.

Феодалдар ХҮ ғ. және ХҮІ ғ. елде қарқын алған шаруалар көтерілістерін басу үшін күш жинай бастады.

Феодалдарға қарсы бағытталған шаруалардың қозғалыстары христиан дінінің уағыздауымен жүрді. Сондықтан миссионерлік үгіт-насихат жапондық феодалдарға ерекше үрей туғызды. 1630 ж. осындай қауіптенулерден елге еуропалық кітаптардың әкелінуіне тиым салынды. Азғантай болса да, христиандық туралы айтылатын Қытай кітаптарына да тиым салынды.

Сегундық-князьдық жүйенің экономикалық негізі ұсақ шаруаларды (*хомбьякусе*) қанау болып табылды. Әрбір шаруаның жер үлесі 0,36 га-дан 0,45 га-ға дейін болды, одан алынатын жылдық шығымның мөлшері 640 – 800 кг. Жиналған салық князьдың өзіне оның вассалдарын ұстауға жаратылды.

Князьды орынынан алып, әкімшілік аппаратты ауыстырудың нәтижесінде шаруалар жаңадан тағайындалған қожайынның тарапынан бұрынғыдан да қатал қанауға ұшырап отырды. Өз жағдайларының беріктігіне сенімсіз болған жаңа билеушілер салықтың мөлшерін өсіруге тырысты. Бір ғана ХҮІІ ғ. өзінде басты себебі самурайлардың қысымы және жаңа князьды тағайындауға қарсылықтан туындаған шаруалардың 643 көтерілістері болып өтеді.

Сондай неғұрлым қуатты ірі көтерілістердің бірі 1637 жылы Кюсю аралындағы Симабара қаласында басталды. Шаруалар князьды ауыстыруға және оның мұрагерінің салық төлеуді кешіктіргендерге қарсы азапты жаза – «*қамыс плащ биін*» енгізуіне қарсы шықты. Оған 30 мыңнан астам адам қатысты. Шаруалар көтерілісінің басында самурайлар, Хидэеси жақтастарының бірі, Корея жорығына қатысушы *Кониси Юкинаганың* вассалдары тұрды. Токугава үкіметі бұл көтерілісті ерекше қатігездікпен басып-жаншыды:

көтерілісшілердің барлық қатысушылары дерлік ұрып-соғылды немесе өлтірілді. Осыдан кейін христиандыққа да қатал тиым салынды.

Елдің сыртқы әлемнен, сыртқы ықпалдардан оқшаулануы қоғамдық қатынастарды қатал реттеуге, шаруашылық қызметтерді, әрбір сословиенің құқықтары мен міндеттерін дәл жүйелеуге, феодалдық қоғамның мызғымастығын сақтап қалуға бағытталған Токугаваның ішкі шараларының тұтас жүйесін аяқтады.

Негізгі жер қоры феодалдарға (дайме) олардың иеліктері ретінде бекітіліп берілді. Феодалға мұндай иелікті ұсыну болашақ жер иеленушінің табысының нақты есебінен жүргізілді. Табыс күріш өнімі бойынша есептелді; елдегі барлық қаржылық есептеулер күрішке аударылды және күріштің басты өлшем бірлігі – *коку* (1,8 гекто-литр) бағаның негізгі өлшем бірлігіне айналды. Сондықтан феодалдардың табысы күріш кокуымен өлшенді және өзін-өзі басқаратын шаруашылық бірлігі ретінде 10 мың коку күріш беретін иеліктер есептелді. Оның иесі (дайме) өз иелігінің шеңберінде барлық бағыныштыларына сот және әкімшілік билік орнатуға құқылы болды, өз вассалдарын (самурайларды) басқарды.

Осылайша елді бір орталыққа біріктіру толық аяқталмады. Ел бірнеше княздықтарға (200-ден астам) бөлініп тасталды, шын мәніндегі иелері олардың билеушілері болды. Алайда, орталық үкімет феодалдарға бақылау орнату құқығын өзінде сақтап қалды. Олар сегунның ортақ заң күші бар шараларына бағынуы тиісті болды. Үкімет феодалдарды алауыздық соғыстарды жүргізу, соның ішінде орталық үкіметке қарсы шығу мүмкіндіктерінен айырды. 1614 – 1615 ж.ж. Токугава Иэясу Осака қаласын иемдену арқылы (соңғы тірегі болған) Хидэеси жақтастарының қарсылығын түпкілікті басты. Жапониядағы феодалдардың алауыздық соғыстары 200 жылдан астам уақыт бойы жүргізілмеді. Токугаваға қарсы шыққан феодалдарды жер иеліктерінен айырды немесе басқа аудандарға қоныстандырды, немесе оларға иеліктерінің жартысын ғана қалдырды. Бүлікшіл феодалдардың орнына Токугаваның жақтастары немесе вассалдары тағайындалды. Токугаваның билік жүргізуінің алғашқы кезеңінің өн бойында (ХҮІ ғ.), әсіресе, 1614 – 1615 ж.ж. конфискация мен жер аудару княздықтардың елеулі бөлігін қамтыды. Алдағы уақытта иеліктерін толық немесе жартысын тартып алу тәрізді шаралар сирек жүргізілді.

ХҮІ ғ.а. – ХҮІІ ғ. қалалардың одан әрі дамуы және олардың халқының санының өсуімен сипатталады. Әрқайсысының 300 мыңнан астам тұрғындары бар үш ірі қаладан (Эдо, Киото, Осака) басқа, көптеген портты, қалалық және сауда орталықтарында (Нагоя, Нагасаки, сакаи, Канадзава) халықтың саны әрқайсысында 60 мыңнан астам болды.

Әрбір феодал иелігінде болған қамал іші қалаларындағы халықтың саны барлық иеліктің аумағы мен халқының санына байланысты болды.

17 ірі қалалардағы сауда мен қолөнердің дамуы феодалдардың құзыретінен алынып, орталық үкіметке тікелей бағынды. Осылайша, барлық маңызды қалалар феодалдардық князьдардың қарауынан алынып, сегунның ерекше шенеуніктерінің басқаруына берілді. Осы қалалардың арасында бірінші орында

Хидэсидің кезінде барлық орталықтандыру қозғалысының орталығы болған Осака, ескі мәдениеттің, сауданың және қолөнердің қаласы – Киото, ең ақырында Иэясу тұрғызған, жаңадан өсіп келе жатырған, елдің жаңа астанасы – Эдо (қазіргі Токио) тұрды.

Қолөнершілер ерекше цехтарға (*дза*) біріктірілді. Олар өз ішінде иерархиялық құрылымдарға бөлінді: шебер – кіші шебер – шәкірттер. Үкімет цехтардың іс-әрекеттің қатал реттеп отырды және қолөнершілерге ауыр салықтар салды.

Саудагерлер де қолөнершілерге ұқсас негіздерде арнайы гильдияларға (*накама*) біріктірілді.

Әлеуметтік қатынастар сословиелік бөліністерден құралды: самурайлар, егіншілер, қолөнершілер және саудагерлер. Әр сословиенің құқықтары мен міндеттері қатал бір жүйеленді. Әсіресе, шаруалардың міндеттері қатал ретке келтірілді. Токугава Иэясу бұл туралы: *«Крестьянин – это кунжутное семя, чем больше жмешь, тем больше выжимаешь»*- деді. Шаруаларға күрішті тамаққа пайдалануға тиым салынды, олар тек дөрекі тамақтармен азықтануы керек болды; жібек матадан киім киюге де тиым салынды, мақта-матадан тігілген киімге ғана рұқсат етілді. Жақсы, ыңғайлы, кең үй салуларына немесе өз үйлерін сәндеуге де рұқсат берілмеді. Кез-келген мерекелік шараларды өткізулеріне, театрландырылған көріністерді қоюларына және т.б. тиым салынды. Барлығы да мұқият қатал жүйелендірілді және орындамаған жағдайда шаруадан алынатын ауыр салықтың мөлшері одан сайын өсірілді.

Деревнялар бесаулалықтарға бөлінді, әрқайсысының басында өкімет тағайындаған ауқатты шаруалар тұрды. Олардың міндетіне өзге шаруалардың үкіметтің орнатқан талаптарын орындауына полициялық қадағалау жүргізу жатты.

Шаруалар жерге бекітілді, тастап кету құқығынан айырылды. Қашып кеткен жағдайда бесаулалықтың өзге тұрғындары оның барлық салықтары мен міндеткерліктерін төлейтін болды; ал қашқаны үшін шаруаны қатал жазалар күтіп тұрды.

Қолөнершілер мен саудагерлердің де тұрмыс тіршіліктері реттелді, алайда шарауларға қарағанда талаптары жеңілдеу болды. Тәжірибе жүзінде ол талаптар жиі бұзылып отырды.

Токугаваның реттеулері дворяндарды да қамтыды. Олардың басында жоғары сюзерен тұрды, ол ескі сегун атауын иемденді. Оның жақын вассалдары (фудайлар), Токугава Иэядсудың билік үшін күрестегі бұрынғы жақтастары, ерекше жағдайды иемденді. Барлық самурайлар осы князьдарға вассалдық тәуелділік жағдайында болды.

Бүкіл басқару аппаратына арнайы бақылау институты – *«мэцукэ»* («көз») ұйымдастырылды. Олар барлық феодалдар мен шенеуніктерге, мекемелерге бақылау және қадағалау қызметін атқаратын сегунның ерекше шенеуніктері болды.

Токугаваның «тұрақтандырулары» ХҮІ ғ. басында басталған феодализмнің ыдырау үрдісін уақытша тоқтатты.

Феодалдық алауыздықтардың тоқтатылуы Жапонияның барлық экономикасына оң әсерін тигізді. Жапонияның солтүстік-шығысы қайтадан белсенді түрде игеріле бастады, ол халықтың өсуіне қолайлы жағдай туғызды (ХҮІ ғ.а. шамамен 16-17 млн болса, ХҮІІ ғ.а. 25 млн-ға жетті). ХҮІІ ғ. 30-ж.ж. елді жауып тастағаннан кейін және көпестерді басты табыс көзінен айырғаннан соң Жапон деревнясына тауар-ақша қатынастарының енуі күшейді. Ол бұдан былай натуралды шаруашылықтың ыдырауына алып келді. Даймелер, самурайлар және шаруалар сауда-өсімқорлық капиталына тәуелді бола түсті. Капиталистік өндірістің алғашқы нысандары – үй өнеркәсібі және мануфактуралар туындай бастады.

Жапон деревнясына тауар-ақша қатынастарының енуі, капиталистік өндірістің алғашқы нысандарының тууы, шаруалардың мүліктік жіктелуі, қалалардың өсуі, айырбастың қарқын алуы және т.б. елде үстем болып тұрған натуралды шаруашылықты ыдыратты.

Басыбайлылық құрылысқа ауыр соққы берген үздіксіз өсіп отырған шаруалардың көтерілістері болды.

IV тарау. Орта ғасырлардағы Жапония мәдениеті.

Жапондықтардың діни нанымдары рулық-қауымдық кезеңде қалыптасқан болатын. Олар ата-баба әруағы және мифологиялық елестермен (*синто*) байланыстырылған рухтарды құрметтеу мен піртұтушылыққа (*ками*) негізделді. Ерте наным-сенімдерде жазба заңдар да, рухтардың нақты иерархиясы да, храмдары мен абыздары да болған жоқ. Табыну нысандарын бар болғаны дұға (*норито*), тазару рәсімі (*хараи*) және мерекелер (*мацури*) ғана құрады. Буддизм әрбір кланның тұйықталған шеңберіндегі ұстанымдарға күшті соққы берді, ол қоғам өмірінің барлық жақтарына енді: діни, адамгершілік, эстетикалық көзқарастарды өзгертті, жапондықтардың қоғамдық, мәдени және көркемдік өмірінің барлық салаларына ену арқылы буддизм оларды Корей түбегі мен құрлықтағы жақтастарын рухани байланыстырды.

Қытай жазуы жапон аралдарында шамасы V ғ. пайда болып, VI ғ. буддистік шығармалар арқылы кеңінен таралды. Жазудың пайда болуы құрлықта жинақталған рухани байлықтарды ашатын кілт болды, ғылыми және мәдени жетістіктерді, сондай-ақ тарихи оқиғаларды есепке алуға мүмкіндік берді. Дегенмен, математика, астрономия сияқты ғылымдар баяу, ал медицина, құрылыс сияқты ғылымдар құрлықта қарқынды дамыды.

Жапонияның инженерлік-құрылыс ісі көне дәстүрлі болатын. Су қоймалары, каналдар, айлақтар (IV ғ. Нанива), жолдар (613 ж. Асукадан Наниваға дейін), кемелер, патша сарайлары (Юряку – Асукра-но мия, V ғ. ортасы), т.б. салынды.

Жапон субстраты мен қытай ықпалының үндестігі, әсіресе, мәдениетте жақсы көрініс тапты.

Әміршілдік мемлекеттің қалыптасуы Жапонияның ресми тарихын жазуды талап етті. Бұл міндет «Кодзики» («Көне оқиғалар хроникасы», 712 ж.) және «Нихон сёки» («Жапония анналдары», 720 ж.) арқылы орындалды.

Бұл шығармаларда осы кезең мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде қытай және ұлттық элементтердің бірлестігі көрінеді. Жапон тілінде жазылған «Кодзики» негізінен император династиясы туралы аңыздардың жинағы болып келеді және басқарудың дәстүрлі қағидалары уағыздалады, ал қытай тілінде жазылған «Нихон сёки» хронологиялық тұрғыдан қытайдың ресми тарихи мәліметтерін қайталайды.

Дәл осындай жағдай VIII ғ. ортасында поэзияда да орын алды, яғни, қытай өлеңдер жинағы «Кайфусо» («Жел туралы ойлар») және жапондық – «Манъёсю» («Көптеген өлеңдер жинағы»).

Қарапайым халық пен қытай мәдениетінің барлық жетістіктерін қабылдаған үстем тап мәдениетінің арасында үлкен айырмашылық болды. Қытайдан иероглифтік жазуы (оны күнделікті тәжірибеде ақсүйектер қолданды), қытай стиліндегі буддистік бейнелер алынды.

VI ғ. алынған және үстем тап арасында кең тарай бастаған буддизм, VIII ғ. мемлекеттік дінге айналды. Бұл үрдісте Нара қаласының Тодайдзи храмында 16 метрлік Будда бейнесінің жасалуы маңызды оқиға болды.

IX ғ. басында жаңа буддистік секталар – Тэндай және Сингон пайда болды. Олардың да мақсаты мемлекетті қорғау болды, алайда олар мемлекеттік органдармен тікелей байланыста болмады, олардың негізгі монастырьлары астанада емес, таулы аймақтарда салынды. Бұл секталар буддистік мәдениеттің шеткері аймақтарға таралуына, оның синтоистік культпен араласуына ықпал жасады.

IX ғ. ортасына дейін қытай әдебиеті үстемдік құрды, бірақ осы тұста жапон ұлттық әліппесі пайда болып, ұлттық мәдениеттің дамуына жағдай жасады.

XI – XII ғ.ғ. астана мен оның аймақтарының экономикалық байланыстарының дамуы, орталық пен провинциялар арасындағы сауда қатынастарының кеңеюі астаналық мәдениеттің провинцияларға және керісінше, халықтық мәдениеттің астанаға енуіне жағдай жасады.

XII – XIII ғ.ғ. Жапонияда жаңа необуддистік секталар пайда бола бастайды. Хонэн негізін салған Дзёдо-сю Буддаға құлшылық етуді уағыздаса, Нитирэн-сю сектасының негізін қалаушы Нитирэн Лотосқа табынуды уағыздады.

Сонымен бірге, Жапонияға *дзэн* ілімі де тарала бастады. Оған сәйкес, буддизмнің мәнін өзін-өзі тану арқылы ғана ұғынуға болады. Бұл ілім әскери бөлімдер арасында бірнеше секталармен уағыздалды және үлкен қолдауға ие болды. 1252 ж. Камакурада көлемі жағынан екінші орында болатын 11 метрлік Будда мүсіні жасалды.

Необуддизм бейнелеу өнерінде реалистік сипатқа ие болды, бұл кезең *эмиокимоно* деп аталатын сурет орамаларының және портреттік жанрдың пайда болу уақыты еді.

Егер XI ғ. ақсүйектер әдебиетінің дәуірлеу кезеңі болса, XII ғ. әдебиеті самурайлар әдебиеті болды. XIII ғ. бірінші жартысында жасалған «Дзёэй сикимоку» кодексі және билік басына самурайлардың келуінің ресми

жылнамасы «Адзума кагами» («Шығыс айнасы») серпіліс кезеңін басынан өткеріп жатқан таптың оптимизміне толы болды. Самурайлардың өздері әдеби шығармалар жазбағанымен қытай және ұлттық мәдениет туындыларына қызығушылық білдірді: мысалы, сиккэн Ходзэ Санэтоки Канадзава қаласында атақты кітапхана салғызды.

Әдебиет саласында әскери повестер – *гункилер* («соғыс туралы жазбалар») басты элементтердің бірі болды. Олардың ішінде ең танымалы – «Тайра үйі туралы повесть». Гункилер әскерилер үшін жазылды, оларда самурайлық моральдың нормалары және самурайлар тәртібінің жазылмаған кодексі – *бусидо* көрсетілген. Синтодан – бусидо патриотизм мен ел билеушілерге деген махаббат идеясын, дзэн буддизмнен – өзін-өзі бақылау мен медитацияны, ал конфуцийшілдіктен – адалдық, қожайынға деген құрмет идеяларын алды. Бусидодағы басты идея қожайынға деген адалдық болды.

Фудзивара үйінен шыққан монах Дзиэн 1219 жылы «Ақымақтың жазбалары» деген еңбегінде мемлекет тарихын бес кезеңге бөле отырып, соңғы екі кезеңді «әскерилер әлемі» деп атады.

Бұл еңбек аңыздарды қайталау немесе тарихи фактілерді сипаттаумен ғана шектелмей, өз заманының тарихи үрдістерін түсіндіруге тырысқан алғашқы еңбек болды.

Жалпы алғанда, X – XIII ғ.ғ. жапон мәдениеті көп қырлы болды, онда оның ақсүйектік, самурайлық және халықтық элементтері көрініс тапты. Ол мәдениет әлеуметтік және аумақтық кеңістікте де тарала бастады. Дәл осы кезде жапон халқының мәдени біртұтастығы қалыптаса бастады.

Киото сарай маңындағыларының мәдениеті поэзиялық антологиялар мен дәстүрлі мәдениетке комментарийлер жазумен ғана шектелді, алайда мәдениеттің жекелеген үздік туындылары да жасалды. Мысалы, Китабатакэ Тикафустың «Императорлардың киелі жолын дұрыс иелену туралы жазбалары» («*Дзинно сётоки*»), мұнда автор ақсүйектер қоғамында орын алған ақыр заман туралы идеяларды жоққа шығарып, Жапония тарихын конфуцийшілдіктегі билеушінің тағдыры мен ісінің байланыстылығы туралы идеология тұрғысынан түсіндіруге тырысты.

Самурай әдебиетінің танымал шығармаларының бірі «Ұлы бейбітшілік туралы жазбалар». Бұл еңбекте феодалдық соғыстарға қатысқан барлық таптардың әрекеттері мен идеологиясы сипатталған. Жалпы алғанда, самуралық мәдениет ақсүйектер мәдениетімен үндесіп жатты, сонымен қатар, халықтық мәдениет те қарқынды дами бастады. Бұл, атап айтқанда, үстем тап арасында кең тарала бастаған *Но* театрымен байланысты болды. Бұл театр өз бастауын деревнялық көріністерден, *кёген* деп аталатын қойылымдардан, шай рәсімдерінің алғашқы формаларынан, *икэбана* жасау дәстүрінен алды. Бейнелеу өнерінде (мысалы, *суйбокуга* деп аталатын монохромды бейнелеу), поэзияда, музыкада жаңа формалар пайда бола бастады. Егер бұған дейін көркем шығармалар тек қана ақсүйектер табы арасында жасалатын болса, енді қарапайым халық, шеткері жатқан феодалдар да, тек өнер туындыларының кейіпкерлері ғана емес, сондай-ақ, сол туындыларды жасаушылар да болды.

Құрлықтық және дәстүрлі, астаналық және аймақтық, ақсүйектік және аймақтық мәдениеттің синтезінен ұлттық мәдениет қалыптасты.

XIV-XV ғғ. мәдениетін сәулет өнерінің дәстүрлі синдэндзукури стилі мен Дзэн сектасының архитектуралық стилін ұстанған Асикага Ёсимицу салған «Алтын павильон» («Кинкакудзи») сипаттайды. Ал XV ғ. соңы мәдениетіне сегізінші сёгун Асикага Ёсимаса тұсында салынған Дзэн сектасына тән формалардың қарапайымдылығына негізделген «Күміс павильон» («Гинкакудзи») жатады.

Қорытынды

Шығыс елдерінің тарихындағы орта ғасырлар кезеңі шаруашылық, қоғамдық және мәдени өмірдің әртүрлі салаларында ежелгі заманмен салыстырғанда әлдеқайда ілгері басушылықтардың байқалған кезі болды. Азия және Африка құрлықтарындағы ортағасырлық қоғамдардың қалыптасуы біртебірте болған жоқ. Салыстырмалы түрде бұл үрдіс Қытай, Иран, Үндістан, Византияда ерте аяқталса, сәл кейінірек Корея, Жапония, Аравияда жүзеге асты, ал, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Шри-Ланкада бұдан да кеш қалыптасты.

Орта ғасырларда Азия және Африка халықтары өзара экономикалық, саяси және мәдени қарым-қатынастар жасады. Оның нәтижесінде өндірістік іс-әрекеттің, техникалық және ғылыми ой-пікірдің, идеялардың жетістіктерімен тәжірибе алмасты.

Жалпы, Еуропа елдерінің орта ғасырлардағы даму бағытын Шығыс елдеріне сәйкестендіруге болмайтыны тәрізді, осы кезеңдегі Шығыс елдерінің арасында Жапония дамуының өзіндік ерекшеліктері болды. Сонымен қатар ұқсастықтары да кездесті.

Жапониядағы таптық қоғамның тарихы VII ғ. үлестік жүйеден басталды. Мұнда Қиыр Шығыстың өзге елдерімен салыстырғанда үлестік жүйе тез жойылып кетуімен қатар, артында ізін де қалдырмады.

Аграрлық қатынастардың дамуы бойынша Жапонияны шығыстық үлгіден «шығып қалады» деуге де болатын тәрізді. Ерте орта ғасырлар кезінде шартты қызметтік ұстауларға үлестірілген жер кейін мұрагерлік иеліктерге айналды. Зерттеушілердің басым бөлігінің пікірлеріне қарағанда, Жапонияда жеке меншік пен қанаудың үстем нысаны Батыс Еуропадағыдай вотчиналық түрі (жеке меншік) болды.

X – XV ғғ. Жапонияның аграрлық қатынастары тек Қиыр Шығыс емес, тұтастай Шығыс елдері үшін ерекше болып табылады. Бұл жеке меншікті феодализмнің мемлекеттің тарапынан жерді пайдалануға, жер иемдену мен өндіріске араласуынсыз үстемдік еткен кезі. Жапониядағы мемлекеттік реттеулердің қарқын алуы Токугаваның билігіне сәйкес келеді.

Қоғамдық құрылымдардың беріктігі шаруалардың мүліктік және әлеуметтік жіктелуін тежеді, жек тұлғаның құқығының қауымдастық бұғауын бұзып шығуына кедергі келтірді. XVI – XVIII ғғ. Шығыстың көптеген елдерінде қауымдық жер иеленудің ыдырауының тек алғашқы белгілері ғана

көрініс беріп жатты. Ал, бұл үрдісті ерте байқаған Жапония болды, онда XII – XVI ғ.ғ. мемлекеттік жерлердегі үлестік қауымдардың ыдырауы жүрді. Ал, жеке меншік жерлерде пайда болған қауымдар өзін-өзі басқаруын иемденді, шаруаларға салынатын салық әлдеқайда жеңіл болды. Бұл жағдай Жапониядағы шаруалардың жеке меншігінің қалыптасуында біраз роль атқарып, феодалдық аграрлық жүйенің дағдарысының маңызды көрсеткіші және алғы шарты болуы мүмкін.

Миграциялар мен жаулап алушылықтар Шығыс қоғамдарына әртүрлі әсер етті. Олардың Жапонияға мүлдем қатысы болмады. Бұл оның Азия мен Африканың өзге елдерімен салыстырғанда ерекше даму жолының болуын анықтап беруі мүмкін.

Орта ғасырлардағы Шығыс елдеріндегідей Жапонияда да құлдық толық өзінің феодалдық модификациясында және жеке қатынас ретінде де сақталып қалды. Әсіресе, ерте орта ғасырлардағы құлиеленушілік қатынастардың ролі ерекше болды. Жапонияда VIII – IX ғ.ғ. құлдардың саны барлық халықтың 10 – 15 %-н құрады.

Үстем тап пен қаналушы таптың арасындағы мәртебелердің әркелкілігі, олардың арасында өтпелі жіктердің болуы XVI ғ. айтарлықтай шегіне жетті. Мәртебелілер (самурайлар) мен мәртебесі жоқтардың ара-жігі нақты ажыратылды. Елдің бүкіл халқы төрт сословиеге бөлінді. Олардың ажыратылуы Жапонияны капитализм генезисінің жолына салып берді.

Мәдениет те де Жапония өзіндік дамуы жолын иемденді. Өзінің жазуы болмаған V – VI ғ.ғ. Қытай жазуы таралды. Жалпы, жапондық субстрат пен қытайлық ықпалдың үндестігі бәрінен де бұрын мәдениетте айқын көрініс тапты. Сондықтан да болар, қытайлық және ұлттық элементтердің бірге өмір сүруі, әсіресе, VII – X ғ.ғ. жапон мәдениетінің маңызды белгісі болды.

X – XIII ғ.ғ. жапон мәдениеті көп қырлы болды, онда оның ақсүйектік, самурайлық және халықтық элементтері көрініс тапты. Ол мәдениет әлеуметтік және аумақтық кеңістікте де тарала бастады. Дәл осы кезде жапон халқының мәдени біртұтастығы қалыптаса бастады.

Ал, XIV – XV ғ.ғ. құрлықтық және дәстүрлі, астаналық және перифериялық, ақсүйектік және перифериялы мәдениеттердің өзара араласуының нәтижесінде ұлттық мәдениет қалыптасты.

Маңызды оқиғалар тізбегі:

1. *Б.э.д. IV – VII з.з.* – ерте темір ғасырының Қорғандық мәдениетінің негізінің салынуы.
2. *Б.э.д. IV з. – б.э. IV* – Жапониядағы қола дәуірі немесе **яёи** мәдениеті.
3. *VII з.* – алғашқы жапон халқының қалыптасу үрдісінің күрт бетбұрысқа түсуі.
4. *II з.аяғы – III з. ортасы* – федерацияның басты иелігі – «патшайым иелігінің» (Яматай немесе Ематай) пайда болуы.
5. *536 – 645 ж.ж.* – Сога руының билік басында болуы.
6. *645 – 646 ж.ж.* – Тайка реформалары.
7. *VI з. 2-жартысы – VII з.* – «Асука кезеңі» (патшалардың ордасы VI ғ. ортасында Асукада (Ямато провинциясы) болуына байланысты атылды).
8. *366 – 562 ж.ж.* – Жапонияның Кая иелігінде (Корея түбегінің қиыр оңтүстігінде) ықпал ету үшін белсенді күрес жүргізуі.
9. *667 жыл* – астана Нанива портынан елдің түкпіріне, *Оми* ауданына көшірілуі.
10. *653, 654, 659, 665 ж.ж.* – Қытайға елшіліктер жіберілуі.
11. *671 – 672 ж.ж.* – бекзадалар Отомо және Оама арасында бүкіл елді қамтыған қарулы күрестің басталуы.
12. *690 жыл* – осы кезден бастап жүйелі түрде әр 6 жыл сайын халық санағы жүргізіліп, жерді қайта бөлу жүзеге асырыла бастады.
13. *694 жыл* – Қытайдың үлгісі бойынша алғашқы астаналық қала Фудзиваракёнің салынуы.
14. *710 жыл* – астананың Фудзиваракёден Хейдзёкёге ауыстырылуы.
15. *X з.* – үлестік жүйенің жойылуы.
16. *X – XIII з.з.* – Жапонияда әскери сословиенің күшеюі.
17. *935 – 940 ж.ж.* – Шығыстағы Тайра Масакадо үйінің күшеюі.
18. *939 – 941 ж.ж.* – Батыста Фудзивара Сумитомо үйінің күшеюі.
19. *1192 – 1333 ж.ж.* – Минамото сегунаты.
20. *1069 – 1167 ж.ж.* – «экс-император монахтардың ел басқаруы» (Инсэй)
21. *1180 жыл* – Тайраға қарсы Минамото Ёритомоның басшылығымен күрестің басталуы.
22. *1185 жыл* – Данноур маңындағы (қазіргі Симоносэки) шайқаста Минамото үйінің қарсыластарына күйрете соққы беруі.
23. *1192 жыл* – әскери қолбасшы Ёритомо «сегун» (қолбасшы, әскери көсем) деген атақпен мемлекеттің жоғары билеушісі болып жариялануы.
24. *1260 – 1285 ж.ж.* – Жапонияға моңғол шапқыншылығы қаупінің күшеюі.
25. *1274 ж. және 1281 ж.* – Жапонияға Құбылайдың шапқыншылықтары.
26. *1279 жыл* – самурайлардың негізгі жер қорын сақтап қалу үшін үкіметтің олардың поместьелерді көпестерге сатуына тиым салған заң шығаруы.
27. *1297 жыл* – жерді сатып алу-сату, қарызға беру мен кепілге қою жөніндегі барлық келісім шарттардың күшін жоятындығы жөнінде жарлықтың шығарылуы.
28. *1333 жыл* – I сёгунаттың құлатылуы.

- 29.1335 – 1573 ж.ж. – Асикага сегунаты.
- 30.1335 жыл – Ходзенің бұрынғы вассалы, ірі феодалдардың бірі Асикага Такаудзидің бүлік бастайуы.
- 31.1441 жыл – Асикага Ёсиноридің өлтірілуі.
- 32.1467 – 1477 ж.ж. – азамат соғысы.
- 33.XVI ғ. ортасы – еуропалықтармен сауда басталуы.
- 34.1543 жыл – Жапонияға португалдықтардың келуі.
- 35.1850 жыл – испандықтардың келуі.
- 36.1568 – 1582 ж.ж. – ұсақ феодал Ода Нобунаганың елдің тұңғыш біріктірушісі ретінде бой көрсетуі.
- 37.1583 – 1598 ж.ж. – Тоётоми Хидэёси билігі.
- 38.1589 – 1595 ж.ж. – Тоётоми Хидэёсидің жаңа жер кадастырын енгізуі.
- 39.1592 – 1593 ж.ж. – жапондықтардың Кореяны оңтүстіктен солтүстікке қарай шарлап өтуі.
- 40.1592 ж және 1597 ж. – Хидэёсидің жаулап алушылық жорықтарын жүргізуі.
- 41.1600 ж. – Токугава Иэясудің бақталастарын Сэкигахара маңындағы шайқаста талқандауы.
- 42.1603 жылы наурыз – Токугава Иэясуға сёгун атағының берілуі.
- 43.1603 – 1867 ж.ж. – Токугава сегунаты.
- 44.1630 ж. – христиан дінінен қауіптенудің салдарынан елге еуропалық кітаптардың әкелінуіне тиым салынуы.

Терминдер сөздігі:

1. *Удзи* – клан.
2. *Бэ* – еріксіздер корпорациялары.
3. *Кабанэ* – кландық атақтар.
4. *Тэнно* – иерархияда өзінің мәні бойынша бірінші тұрған патшалық клан.
5. *Бэмин* – жартылай еріктілер.
6. *Яцуко* – құлдар.
7. *Сумэраги* – ең күшті рудың, одан кейін тайпа басшысының атағы, патша, император деген мағына береді.
8. *Ямато* – Жапонияның ескі атауы.
9. «*Тайка төңкерісі*» – «Ұлы өзгерістер» деген мағына береді.
10. *Утицуоми* – э император кеңесшісі.
11. *Куникакасэ* – саяси кеңесшілер.
12. «*Жагалау сақшысы*» - қытайлықтардың аралға басып кіру қаупі төнген кезде құрылған ерекше жауынгерлік құрамалар.
13. *Дадзёкан* – Мемлекеттік Кеңеспен
14. *Дзингикан* – Діни істер бойынша Кеңес
15. *1 тё = 10 тан* – шамамен 1,2 га тең болатын өлшем бірлігі.
16. *Ри, сато* – әкімшілік бірліктің төменгі бөлігі, 50 ауладан тұратын бірлестіктер.
17. *Сёэн* – жеке адамдарға берілген «тартулар».
18. *Кодэн* – мемлекеттік жер.
19. *Мё* – жалгер шаруаларды біріктірген кешендер.
20. *Мёсю* – мёнің басшысы, салық жинауға жауап берді.
21. *Сёгун* – қолбасшы, әскери көсем; 1192 – 1867 ж.ж. Жапониядағы әскери билеушінің атағы, оның кезінде императорлық әулет шынайы биліктен айырылды.
22. *Самурайдокоро* – самурайлар ведомствосы (1180 ж.)
23. *Кумондзё* (кейін – *мандокоро*) – әкімшілік ведомствосы (1184 ж.).
24. *Монтюдзё* – сот ведомствосы (1184 ж.).
25. *Бакуфу* – әскери үкімет.
26. *Даймё* – ірі феодалдар.
27. *Самурайлар* – ұсақ поместьелі әскери-дворяндар.
28. *Сиккэн* – билеуші. атағын алған *Ходзе*
29. *Дза* – ерекше қолөнер бірлестіктері.
30. *Гэниндер* – жеке басы тәуелді шаруалар.
31. *Дзинуситэки сёю* – жер иеленушілік меншігі.
32. *Асигару* – жаяу әскер.
33. *Фудай-даймёлер* – мұрагер даймёлер, яғни ірі феодалдар.
34. *Тайро* – бас министрлер.
35. *Сантюро* – үш адамнан тұратын арнайы орган.
36. *Хатаматолар* – сёгунға тікелей бағыныштағы самурайлар.
37. *Коку* – күріштің басты өлшем бірлігі (1,8 гекто-литр).
38. *Мэцукэ* («көз») – бүкіл басқару аппаратын арнайы бақылау институты.

39. *Норито* – дұға.
40. *Хараи* – тазару рәсімі.
41. *Мацури* – діни мерекелер.
42. *Дзэн* – XII – XIII ғ.ғ. таралған ілім; оған сәйкес, буддизмнің мәнін өзін-өзі тану арқылы ғана ұғынуға болады.
43. *Эмиокимоно* – необуддизмнің бейнелеу өнерінде реалистік сипатқа ие болуынан пайда болған сурет орамалары және портреттік жанр.
44. *Гункилер* – әскери повестер немесе «соғыс туралы жазбалар».
45. *Бусидо* – самурайлар тәртібінің жазылмаған кодексі.
46. *Но* – Жапон театры
47. *Кёген* – театрдағы қойылымдардан.
48. *Суйбокуга* – бейнелеу өнеріндегі монохромды бейнелеу тәсілі.

Тесттік тапсырмалар:

\$\$\$ 1. Жапониядағы Тайка реформалары қашан жүргізілді?

- A) 645 – 646 ж.ж.
- B) 600 – 612 ж.ж.
- C) 715 – 720 ж.ж.
- D) 656 – 667 ж.ж.
- E) 700 – 725 ж.ж.

\$\$\$ 2. Қытай деректемелері бойынша, б.э.д. I ғ. Кюсю аралында 100-ген иеліктер болған, ал, II ғ.а. – III ғ. ортасында олардың саны азайып, федерациялардың басты иелігі пайда болады. Ол қалай аталды?

- A) Бэ.
- B) Яматай.
- C) Хаята.
- D) Кумасо.
- E) Айны.

\$\$\$ 3. Жапонияда буддизм дінінің жақтаушысы болуымен танылған Сога руының билік жүргізген жылдары:

- A) 645 – 646 ж.ж.
- B) 600 – 612 ж.ж.
- C) 536 – 645 ж.ж.
- D) 656 – 667 ж.ж.
- E) 700 – 725 ж.ж.

\$\$\$ 4. Жапонияда болған «Тайка төңкерісі» қандай мағына береді?

- A) «Жауласушы патшалықтар».
- B) «Ұлы өзгерістер».
- C) «Патшайым иелігі».
- D) «Үй құлдары».
- E) «Патша жауынгерлері».

\$\$\$ 5. Жапониядағы Сегунаттық жүйенің негізін салушы:

- A) Ходзэ Токимасо.
- B) Асикага Такаудзи.
- C) Минамото Еритомо.
- D) Ершэ.
- E) Санэтомо.

\$\$\$ 6. Жапониядағы Сегунаттық жүйенің негізі қашан салынды?

- A) 1175 ж.
- B) 1180 ж.
- C) 1192 ж.
- D) 1201 ж.
- E) 1225 ж.

\$\$\$ 7. Екінші Сегунат қашан құрылды?

- A) 1175 ж.
- B) 1180 ж.
- C) 1192 ж.

D) 1201 ж.

E) 1335 ж.

\$\$\$ 8. Орта ғасырлық Жапониядағы даймелер кімдер болды?

A) Ірі феодалдар.

B) Орта шаруалар.

C) Ұсақ жеке меншік иелері.

D) Құлдар.

E) Әскери шонжарлар.

\$\$\$ 9. Жапонияны Токугава әулетінің билеуі:

A) 1603 - 1867 ж.ж.

B) 1603 – 1800 ж.ж.

C) 1778 – 1867 ж.ж.

D) 1633 – 1639 ж.ж.

E) 1639 – 1880 ж.ж.

\$\$\$ 10. Жапонияның Қытайға қарсы соғыс ашуын ұзақ уақытқа тежеген ХҮІ ғ. шайқас қай жылы болды?

A) 1598 ж.

B) 1593 ж.

C) 1597 ж.

D) 1592 ж.

E) 1562 ж.

\$\$\$ 11. Жапонияда өзіндік жазу жүйесі – *кананың* (буындық жазу) түпкілікті қалыптасуы:

A) YII ғ.

B) YIII ғ.

C) IX ғ.

D) XII ғ.

E) XIY ғ.

\$\$\$ 12. Құбылайдың Жапонияға жасаған екі әскери-теңіз экспедициялары:

A) 1274, 1281 ж.ж.

B) 1274, 1275 ж.ж.

C) 1265, 1274 ж.ж.

D) 1260, 1274 ж.ж.

E) 1265, 1281 ж.ж.

\$\$\$ 13. II ғ. аяғы – III ғ. ортасында Жапонияда пайда болған басты иелік Яматай немесе Ематай қандай мағына береді?

A) «Патшайым иелігі».

B) «Ханша иелігі».

C) «Корольдың иелігі».

D) «Патша иелігі».

E) «Мұрагердің иелігі».

\$\$\$ 14. Ерте орта ғасырларда Жапонияда жер тұтастай қауымға немесе руға (клан) тиесілі болды. Ру қалай аталады?

A) Бэ.

B) Яцуко.

С) Бэминдер.

Д) Кабанэ.

Е) Удзи.

\$\$\$ 15. Ерте орта ғасырларда Жапонияда жыртылатын жақсы жер жер біртіндеп күшті рулардың немесе жекелеген ру басшыларының қолына өте бастайды. Бұл жерлерді өңдеумен қауымдар немесе еріксіздер корпорациялары айналысты. Олар қалай аталады?

А) Бэ.

В) Яцуко.

С) Бэминдер.

Д) Кабанэ.

Е) Удзи.

\$\$\$ 16. Ерте орта ғасырлардағы Жапонияда иерархиялық сатыда өзінің мәні бойынша бірінші патшалық ру тұрды. Ол қалай аталады?

А) Сумэраги.

В) Тэнно.

С) Бэминдер.

Д) Кабанэ.

Е) Удзи.

\$\$\$ 17. Жапонияның ескі аты:

А) Асука.

В) Сога.

С) Тайка.

Д) Ямато.

Е) Сато.

\$\$\$ 18. YI ғ. 2-жартысы – YII ғ. аралығы Жапонияда қандай кезең деп аталады?

А) Асука.

В) Сога.

С) Тайка.

Д) Ямато.

Е) Сато.

\$\$\$ 19. YI ғ. басында (Жапонияда) «12 рангтің табелі» және «17 баптан тұратын Заң» шығарған Сога руының бекзадасы:

А) Наканооэ.

В) Сётоку-тайси.

С) Оама.

Д) Отомо.

Е) Тэмму.

\$\$\$ 20. 645 ж. төңкерістен кейін Жапонияда бүкіл үстем тапты орталықтандырылған әміршіл жүйеге біріктіруге бағыт алынды. Осы үрдісте қай елдің үлгісі басшылыққа алынды?

А) Кореяның.

В) Үндістанның.

С) Қытайдың.

Д) Иранның.

Е) Моңғолияның.

\$\$\$ 21. Жапонияның төбелтоптарының арасында буддизмнің кеңінен таралып, мемлекеттік дінге айналуы қай ғасырда жүзеге асты?

А) ІҮ ғ.

В) ҮІІІ ғ.

С) ІХ ғ.

Д) ХІ ғ.

Е) ХІІ ғ.

\$\$\$ 22. Жапонияда Тэндай және Сингон деп аталатын жаңа буддалық секталар қай ғасырда пайда болды?

А) ІҮ ғ.

В) ҮІІІ ғ. аяғында.

С) ІХ ғ. басында.

Д) ХІ ғ.

Е) ХІІ ғ.

\$\$\$ 23. Жапония ІХ ғ. оқшаулану саясатына көше бастайды. Бұл үрдіс дәл қай кезде басталды?

А) ІХ ғ. басында.

В) ІХ ғ. бірінші ширегінде.

С) ІХ ғ. бірінші он жылдығында.

Д) ІХ ғ. ортасында.

Е) ІХ ғ. аяғында.

\$\$\$ 24. Ортағасырлық Жапонияда Минамото үйі бақталастық соғыстардың нәтижесін өз мақсатына шебер пайдалана білді. Әскери қолбасшы Еритомо 1192 жылы мемлекеттің жоғары билеушісі болып жарияланды. Атағы қандай болды?

А) Қаған.

В) Патша.

С) Гуньмо.

Д) Сегун.

Е) Ван.

\$\$\$ 25. Ортағасырлық Жапониядағы *даймёлер* деп кімдерді атады?

А) Шаруаларды.

В) Ірі феодалдарды.

С) Құлдарды.

Д) Жалдамалыларды.

Е) Жатжерліктерді.

\$\$\$ 26. Ортағасырлық Жапониядағы *дзалар* деп нені атады?

А) Ерекше қолөнер бірлестіктерін.

В) Саудагерлердің бірлестігін.

С) Діни бірлестіктерді.

Д) Қаржыгерлердің бірлестіктерін.

Е) Әскери ұйымдарды.

\$\$\$ 27. ХІІ ғ. Оңтүстік-Батыс Жапониядағы негізгі күш кімнің үйінің қолында болды?

- A) Минамото.
- B) Тайра.
- C) Хань.
- D) Цзинь.
- E) Суй.

\$\$\$ 28. Жапонияда барлығы сегундардың неше әулеті болды?

- A) Үш әулет.
- B) Төрт әулет.
- C) Бес әулет.
- D) Он әулет.
- E) Он бес әулет.

\$\$\$ 29. Құбылай Жапонияға басқыншылығы кезінде кімдердің күшін пайдаланды?

- A) Үндістердің.
- B) Арабтардың.
- C) Парсылардың.
- D) Қытайлықтар мен корейлықтардың.
- E) Қыпшақтардың.

\$\$\$ 30. Жапонияға португалдықтардың келуі:

- A) 1543 ж.
- B) 1580 ж.
- C) 1575 ж.
- D) 1595 ж.
- E) 1600 ж.

\$\$\$ 31. Жапонияға испандықтардың келуі:

- A) 1543 ж.
- B) 1575 ж.
- C) 1580 ж.
- D) 1595 ж.
- E) 1600 ж.

\$\$\$ 32. Ортағасырлық Жапонияда *асигару* деп нені атады?

- A) Жаяу әскерді.
- B) Атты әскерді.
- C) Әскери кемелерді.
- D) Қос дөңгелекті арбалы әскерді.
- E) Жалдамалыларды.

\$\$\$ 33. Тоётоми Хидэёсидің шаруаларды жер үлестеріне бекітіп, егер үлестерін тастап кетсе, ауыр жазалаумен құқығынан айыру туралы қорқытулары келтірілген жаңа жер кадастры қашан енгізілді?

- A) 1583 – 1589 ж.ж.
- B) 1589 – 1595 ж.ж.
- C) 1595 – 1598 ж.ж.
- D) 1592 – 1593 ж.ж.
- E) 1592 – 1597 ж.ж.

\$\$\$ 34. Жапондықтардың Кореяны оңтүстіктен солтүстікке қарай шарлап өтуі:

- A) 1583 – 1589 ж.ж.
- B) 1589 – 1595 ж.ж.
- C) 1595 – 1598 ж.ж.
- D) 1592 – 1597 ж.ж.
- E) 1592 – 1593 ж.ж.

\$\$\$ 35. Токугава Сегунаты кезіндегі Жапонияда *хатаматолар* деп кімдер аталды?

- A) Шаруалар.
- B) Қала халықтары.
- C) Қолөнершілер.
- D) Сегунға тікелей бағынышты самурайлар.
- E) Ірі феодалдар.

\$\$\$ 36. Тайка реформалары қай елде жүргізілді?

- A) Қытайда.
- B) Үндістанда.
- C) Кореяда.
- D) Жапонияда.
- E) Африкада.

\$\$\$ 37. Жапонияда билік жүргізген Сога руы қай діннің жақтаушысы болуымен танылды?

- A) Христиан.
- B) Манихей.
- C) Будда.
- D) Ислам.
- E) Ламаизм.

\$\$\$ 38. Жапониядағы сегунаттық жүйенің негізін салушы:

- A) Еритомо.
- B) Мұхаммед Бабыр.
- C) Бейбарыс.
- D) Салах ад-Дин.
- E) I Сүлеймен.

\$\$\$ 39. «Сегун» сөзі қандай мағына береді?

- A) Абыз.
- B) Ақын-жыршы.
- C) Қолбасшы, әскери көсем.
- D) Батыр.
- E) Барлығының жинақтаушы мағынасы.

\$\$\$ 40. Жапонияда ерекше қолөнер бірлестіктері қалай аталды?

- A) Дза.
- B) Сегун.
- C) Тэнно.
- D) Удзи.
- E) Асигару.

Дұрыс жауаптары:

| Сұрақ тың №-і | Дұрыс жауабы | Сұрақ тың №-і | Дұрыс жауабы | Сұрақ тың №-і | Дұрыс жауабы | Сұрақ тың №-і | Дұрыс жауабы |
|------------------------------|-------------------------|------------------------------|-------------------------|------------------------------|-------------------------|------------------------------|-------------------------|
| 1 | A | 11 | C | 21 | B | 31 | C |
| 2 | B | 12 | A | 22 | C | 32 | A |
| 3 | C | 13 | A | 23 | D | 33 | B |
| 4 | B | 14 | E | 24 | D | 34 | E |
| 5 | C | 15 | E | 25 | B | 35 | D |
| 6 | C | 16 | B | 26 | A | 36 | D |
| 7 | E | 17 | D | 27 | B | 37 | C |
| 8 | A | 18 | A | 28 | A | 38 | A |
| 9 | A | 19 | B | 29 | D | 39 | C |
| 10 | A | 20 | C | 30 | A | 40 | A |

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Документы по истории японской деревни. Ч.1. М., 1966.
2. Игнатович А.Н. Буддизм в Японии. М., 1980.
3. Воробьев М.В. Япония в III – VIII в.в.: Этнос, общество, культура и окружающий мир. М., 1980.
4. Попов К.А. Законодательные акты средневековой Японии. М., 1984.
5. Кузнецов Ю.Д., Навлицкая Г.Б., Сырицын И.М. История Японии. М., 1988.
6. Эйбус Х.Т. История Японии с древнейших времен до наших дней. М., 1968.
7. Пасков С.С. Япония в раннее средневековье VIII – XII в.в. М., 1987.
8. Гальперин А.Я. Очерки социально-политической истории Японии в период позднего феодализма. М., 1963.
9. Конрад Н.И. Очерки истории культуры средневековой Японии. М., 1980.
10. Спесивов А.Б. Самураи – военное сословие Японии. М., 1981.
11. Васильев Л.С. История Востока. Т.2. М., 1995.
12. Васильев Л.С. Курс лекций по средневековому Востоку (Ближний, Средний, Дальний Восток и Юго-Восточная Азия). М., 1987.
13. История стран Азии и Африки в средние века: Учебник для вузов. В 2-х ч. М., 1987.
14. Никифоров В.Н. Восток и всемирная история. М., 1975.
15. Средневековый Восток: История, культура, источниковедение. М., 1980.
16. Конрад Н.И. Запад и Восток. М., 1966.
17. История стран зарубежной Азии. Л., 1970.
18. История народов Восточной и Центральной Азии с древнейших времен до наших дней. М., 1986.
19. История Востока. В шести томах. Т. 2. Восток в средние века. М., 2002.
20. История Востока. В шести томах. Т. 3. Восток на рубеже средневековья и нового времени XVI – XVIII в.в. М., 2000.
21. История народов Восточной и Центральной Азии с древнейших времен до наших дней. М., 1986.
22. Всемирная история. Т. 13. М.,-Минск, 2000.

Мазмұны:

| | |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| Кіріспе. | 3 |
| I тарау. Ерте орта ғасырлардағы Жапония (ҮІІ – ХІІ ғ.ғ.). | 6 |
| 1.1. Жапониядағы алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы. Тайка реформалары (645 – 646 ж.ж. | 6 |
| 1.2. Аграрлық қатынастардың дамуы: үлестік жүйенің пайда болуы. | 11 |
| 1.3. X – ХІІ ғ.ғ. Жапония. | 14 |
| II тарау. ХІІ – ХІҮ ғ.ғ. Жапония. | 16 |
| 2.1. Сёгунет жүйесінің қалыптасуы. | 16 |
| 2.2. Жапонияға Құбылайдың шапқыншылықтары (1274, 1281). | 18 |
| 2.3. II сёгунет кезіндегі Жапония. | 19 |
| 2.4. ХІІІ – ХІҮ ғ.ғ. Жапонияның әлеуметтік-экономикалық дамуы. | 20 |
| III тарау. Соңғы орта ғасырлардағы Жапония (ХҮ – ХҮІІІ ғ.ғ.). | 22 |
| 3.1. Феодалдық бытыраңқылық және Жапонияны біріктіру үшін күрес..... | 22 |
| 3.2. Саяси топтардың күресі. | 26 |
| 3.3. Токугава сёгунаты. | 28 |
| IV тарау. Орта ғасырлардағы Жапония мәдениеті. | 32 |
| Қорытынды. | 35 |
| Маңызды оқиғалардың тізбегі. | 37 |
| Терминдер сөздігі. | 39 |
| Тесттік тапсырмалар. | 41 |
| Дұрыс жауаптары. | 47 |
| Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі. | 48 |